Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Топта балалар арасында достық қарым-қатынасты тәрбиелеу. Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары. Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу. Құрастыру материалдарымен құрастыру ойындары, кітаптар қарау. Табиғат бұрышындағы еңбек. Бөлме өсімдіктеріне күтім жасау. Балалармен жеке жұмыс.				
Таңертеңгі жаттығу	Желтоқсан айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені. Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті.				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Балалардың сезінген әсерлерімен бөлісу, жаңалықтарды білу, бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау, ережелер туралы келісу және т.б.				

<p>Ұйымдастырылған іс-әрекет</p>	<p><b>1.Сөйлеуді дамыту</b> «М» – «Н» дыбыстарын салыстыру. Кейбір дауыссыз дыбыстардың айтылуындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарды ажырата білуге баулу. Бұл екі дыбыстар үнді дауыссыз дыбыстар. «М» дыбысының дұрыс артикуляциясы: Ерін бір-біріне қатты тиеді, кішкене тіл төмен түсіп, демнің мұрын арқылы шығуынан жасалады. Ма-ма-ма – қыс деген бұл шалма. Ма-ма –ма – апорт тәтті алма. «Н» дыбысының дұрыс артикуляциясы: Ерін сәл ашылып, жіңішкерген тіл үстіңгі тістердің түбіне тиеді. «Н» дыбысы кездесетін сөздерге мысалдар айту. Дидактикалық ойын: «Суретті жалғастыр». Дәптермен жұмыс. <b>2. Математика негіздері</b> «бүтін және бөлік» туралы ұғым қалыптастыру. Бөлік</p>	<p><b>1. Қоршаған орта таныстыру</b> Қазақ халқының салт-дәстүрлері туралы білімдерін кеңейту. Сурет арқылы «Бесікке бөлеу», Тұсаукесер», «Ашамайға отырғызу» рәсімдері туралы әңгімелесу. Қазақ халқында ата-бабаларымыз бала тәрбиесіне көп мән берген. Кішкентай балалар өнегелі, тәрбиелі болып өсуі үшін, ұлттық салт-дәстүрді қалыптастырып, мұра ретінде келешек ұрпаққа қалдырып отырған. Салт-дәстүр дегеніміз – белгілі бір рәсім, әртүрлі жағдайларға арналған ұлттық мағынадағы елеулі кезеңдер. Сөздік жұмыс: ұрпақ, ата-баба. Ұрпақ – тұқым, нәсіл, келешек ұрпақ. Ата-баба – бұрынғы өткен әкелер. Демонстрациялық материалдармен жұмыс. Суреттерге назар аудару және суретте не бейнеленгенін баяндау. «Бесікке бөлеу» ойыны бесікке қуыршақты жатқызып, бөлейді, тербетеді. Бесік жырын айтады: Әй-әй бөпем, әй бөпем, Ән айтайын бал бөпем. «Бесікке бөлеу» кішкентай бала үшін өте маңызды. Баланың сымбатты, денесі түзу болып өсуі үшін, ата-бабаларымыз баланы</p>	<p><b>1. Сауат ашу негіздері</b> Үш дыбысты сөздерге дыбыстық талдау жасауға үйрету. Сәйкес қызыл және көк түсті фишкалармен дыбыстарды белгілей алу қабілеттерін, зейіндерін дамыту. «Артығын тап» ойыны: Ара, өрмекші, маса, көбелек, аю. (аю) Тауық, әтеш, үйрек, қаз, сауысқан. (сауысқан) Мысық, түлкі, аю, қасқыр. (мысық) Колғап, көйлек, шалбар, етік. (көйлек) Май, шай, нан, қант, қасық. (қасық) Өткен тақырыптарды «Сұрақ-жауап» әдісі арқылы қайталау. Дауысты дыбыстар деген не? Дауысты дыбыстар қалай белгіленеді? Дауыссыз дыбыстар деген не? Дауыссыз дыбыстар қалай белгіленеді? Буында неше дауысты дыбыс болады? сөзге дыбыстық талдау жасауды ең бірінші берілген сөзді білуіміз керек. Сөзде неше буын, неше дыбыс бар екенін анықтауымыз керек. Сөздегі дыбыстардың дауысты, дауыссыз екенін анықтау. Дауысты дыбыстардың жуан, немесе жіңішке екенін анықтау керек. Дауыссыз дыбыстардың қатаң, ұяң, үнді екенін анықтау керек. Жұмбақ. Аяз қысып, Өрнек сызып, Терезені</p>	<p><b>1. Сөйлеуді дамыту</b> «М» – «Н» дыбыстарын салыстыру. Кейбір дауыссыз дыбыстардың айтылуындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарды ажырата білуге баулу. Бұл екі дыбыстар үнді дауыссыз дыбыстар. «М» дыбысының дұрыс артикуляциясы: Ерін бір-біріне қатты тиеді, кішкене тіл төмен түсіп, демнің мұрын арқылы шығуынан жасалады. Ма-ма-ма – қыс деген бұл шалма. Ма-ма –ма – апорт тәтті алма. «Н» дыбысының дұрыс артикуляциясы: Ерін сәл ашылып, жіңішкерген тіл үстіңгі тістердің түбіне тиеді. «Н» дыбысы кездесетін сөздерге мысалдар айту. Дидактикалық ойын: «Суретті жалғастыр». Дәптермен жұмыс. <b>2. Қоршаған ортамен таныстыру</b> Қазақ халқының салт-дәстүрлері туралы білімдерін кеңейту. Сурет арқылы «Бесікке бөлеу», Тұсаукесер»,</p>
----------------------------------	---	--	---	--

терден бүтінді құрастыруға және бүтінді бөліктерге бөлуге үйрету. «+», «-» таңбасы мен таныстыру. Қызғылтсары шеңберді алып екіге бөлеміз. Әлия апельсинді екіге бөлді. Әр бөлікті қалай атауға болады? (жарты) Ал егер біз екі жартыны бір-біріне біріктірсек, не болады? (Бүгін апельсин болады.) Пицца немесетәтті (пирог) нанды жарты немесе төрт бөлікке кесуге ұсынады. Бөліктерден бүтінді қалай жасауға болады? (Біріктіру арқылы.) бөліктерден бүтінді алу үшін бөліктерді біріктіру немесе қосу қажет. Дәптермен жұмыс: 1,2,3,4 тапсырамаларды орындау. Дидактикалық ойын: «Қай сан жоғалды?». «Математикалық жазулар» дәптерімен жұмыс. 33-беттегі № 51 тапсырманы орындау

**3. Сауат ашу негіздері**  
Буындардан сөз құрауға үйрету. Сөздерді буынға бөлу, буын санын ажырата алуға жаттықтыру. Өткен тақырыптарды «Сұрақ-жауап» әдісі арқылы

бесікке бөлеген. «Тұсау кесер» дәстүрі Бесікте жатқан бала өсті, қаз-қаз басып жүре бастады. «Енді көп құламай тез жүріп кетсін», – деп, баланың тұсауын кеседі. «Адал, шыншыл бала болсын», – деп, тұсауын «ала жіппен» кеседі. Қазақ халқында «Біреудің ала жібін аттама» деген мәтел бар. Ол «Ешқашан өтірік айтпай, ұрлық жасамай, үлгілі, өнегелі азамат болып өссін» дегенді білдіреді. «Ашамай». Жаңағы кішкентай бала өсіп, 5–6 жасқа келді. Үлкендер оған жеке тай атап, ашамай (тайға арналған кішкентай ер-тоқым) істетіп, қамшы өріп, «Сен азамат болдың» деген сенім ұялатып, үйретілген жуас тайға әсем ашамай ерттеп, баланы тайға мінгізіп, жүргізеді. Осы қуанышта атасы: Ал ақ тілек, ақ тілек .Атқа тоқым сал білек. Атта жақсы шаба біл, Өнеге, өнер таба біл, Аймағыңа жаға біл. Атқа міндің, ақ жол болсын!»-деп бата береді. Балалар хормен Е.Өтетілеу ұлының «Тәй-тәй» өлеңін айтады. Дәптермен жұмыс .

**2. Қазақ тілі**  
Алған білімдерін тиянақтау сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру, мақал-мәтел,

торлайды. Қарға омбығып, Бет домбығып. Сырғанап балалар ойнайды./Қыс/  
Қыс сөзіне дыбыстық талдау жасайық. Қыс сөзінде 1 буын, 3 дыбыс. Қ-дыбысы дауыссыз, қатаң дыбыс көк түсті дөңгелекпен белгіленеді. Ы-дыбысы-дауысты, жуан дауыс, қызыл түсті дөңгелекпен белгіленеді. С-дыбысы-дауыссыз, қатаң дыбыс. Көк түсті дөңгелекпен белгіленеді. Дәптермен жұмыс

**2. Математика негіздері**  
«артық», «кем», «тең» ұғымдарын қалыптастыру. Балаларды «=» белгісімен, оның мәнімен таныстыру; саны бойынша бірдей бөліктердің арасындағы өзара бір мәнді сәйкестікті анықтау; санау, салыстыру, санды цифрмен белгілеу біліктілігін бекіту. Мөлдір дорбаны немесе тақтаның жоғарғы бөлігінде араластырылып бекітілген пішіндер жиынын көрсете отырып, сұрақ қою: бізде қандай печенье бар? Печеньеңің пішінін анықтайды: дөңгелек, үшбұрыш, шаршы және сопақша. Қорапта сопақша пішінді 4 печенье бар, 4 цифрын көрсетеді. Басқа қорапта – дөңгелек пішінді 4 печенье, 4 цифрын көрсетеді.

«Ашамайға отырғызу» рәсімдері туралы әңгімелесу. Салт-дәстүр дегеніміз – белгілі бір рәсім, әртүрлі жағдайларға арналған ұлттық мағынадағы елеулі кезеңдер. Демонстрациялық материалдармен жұмыс. Суреттерге назар аудару және суретте не бейнеленгенін баяндау. «Бесікке бөлеу» ойыны бесікке қуыршақты жатқызып, бөлейді, тербетеді. Бесік жырын айтады: Әй-әй бөпем, әй бөпем, Ән айтайын бал бөпем. «Бесікке бөлеу» кішкентай бала үшін өте маңызды. Баланың сымбатты, денесі түзу болып өсуі үшін, ата-бабаларымыз баланы бесікке бөлеген. «Тұсау кесер» дәстүрі Бесікте жатқан бала өсті, қаз-қаз басып жүре бастады. «Енді көп құламай тез жүріп кетсін», – деп, баланың тұсауын кеседі. «Адал, шыншыл бала болсын», – деп, тұсауын «ала жіппен» кеседі. Қазақ халқында «Біреудің ала жібін аттама» деген мәтел

қайталау. Дауысты дыбыстар деген не? Дауысты дыбыстар қалай белгіленеді? Дауыссыз дыбыстар деген не? Дауыссыз дыбыстар қалай белгіленеді? Буында неше дауысты дыбыс болады? Дауысты дыбыссыз буын болады ма? Дауысты дыбыстың өзі буын буын құрай алады ма? Қандай дыбыстар буын құрайды? Артикуляциялық жаттығу жасау. Қадыр Мырза Әлидің өлеңінен «болады» немесе «болмайды» деп сөйлемді аяқтайсындар. Күйші болуға ... (болады), Биші болуға ... (болады), Ерке болуға ... (болмайды), Серке болуға ... (болмайды), Пысық болуға ... (болады), Кішік болуға ... (болады), Әкім болуға ... (болады), Ақын болуға ... (болады), Маман болуға ... (болады), Жаман болуға ... (болмайды), «Буынға бөл» дидактикалық жаттығуы. Буынға бөлуге болатын сөздер: күй-ші, би-ші, пы-сық, кі-ші, ә-кім, а-қын, ма-ман. Ғажайып сәт. Жұмбақтар. Кір қоқысты сүймейді, Сыртқа қуып сүйрейді. (Сы-пыр-ғыш) Жіп-жіңішке денесі, Ортасында

жұмбақ жаттау дағдыларын қалыптастыру. I айналым мақалын жалғастырады Отан – оттан да ... (ыстық) Жақсы – ... (өнеге) Отан ... т.б. II айналым: жұмбақ жасыру. Өскен жері бау-бақша, Күрең қызыл шіркін-ай, Жидектің аты – ... (құлпынай) Астық пісіп, орақ түсіп, Қырман дөнге толады. Бөбектерім, айтындаршы, Бұл қай кезде болады? (Күзде). Шелек қалпақ басында, Сәбіз екен танауы. Қыста қардан туатын, Тауып көрші, сен оны. (Аққала) Тікірейіп құлағы. Менен бұрын тұрады. Керіліп, созылып, Беті-қолын жуады. Бұл не? (Мысық) Көп отырып, шаршадық, Қозғалуды аңсадық. Билегіміз келеді, Әдемілеп ән салып. Би: «Қуыр-қуыр Қуырмаш» III айналым: Жаңылтпаштарды қайталау. Доп теп, Дөп теп. Жағажайды жағалай, Жүгіреді Қамажай. Пай-пай-пай, Жайылып жүр тай. Ай-ай-ай, Ұшып кетті торғай. Үш кіші ішік піштім, Бес кіші ішік піштім, Неше кіші ішік піштім? Дәптермен жұмыс. **3. Көркем әдебиет** Әдеби шығармадағы қоғамдық өмір оқиғалары туралы түсінігін дамыту. Тілдік ойлау қабілетін дамыту, сөздік қорын байыту. Қазақстанның жері үлкен, табиғаты бай, көп ұлтты,

Сопакшалар мен дөңгелек тер төрт-төрттен болды. Олардың саны бірдей. Қанша сопақша болса, сонша дөңгелек деп айтуға болады. «=» белгісі бар карточканы шығарады және оны қораптар мен сандар арасына орналастырады. Ойын жаттығуы: «Сана» Дәптермен жұмыс: 1,2,3 тапсырмаларды орындау. Жұптық жұмыс «Математикалық жазулар» дәптерімен жұмыс. 34-беттегі № 53-тапсырманы орындау. **3. Қазақ тілі** Алматы қаласы туралы білімдерін кеңейту. қорларын жаңа сөздермен толықтыру, жаңа сөздерді дұрыс айтуға жаттықтыру. қала – город, әсем красивый, саябақ – парк, метро – метро, мұзайдын – каток. Алматы қаласымен таныстыру. Дыбыстық жаттығу. Ө-ө-ө-ө – көөөк-төбе- көктөбе. Ө-ә-ә-ә - әсем- әсем. Сергітусәті: Күннің шыққаны жақсы ма? Жақсы! (Күнді бейнелейді). Желдің сокқаны жақсы ма? Жақсы! (Қолдарын көтеріп тербеледі). Достарыңмен жүрген жақсы ма? Жақсы! (Алға қарай адымдайды). Туған өлкеде жақсы ма? Жақсы! (Құшақтарын жаяды). Балабақша жақсы ма? Жақсы!

бар. Ол «Ешқашан өтірік айтпай, ұрлық жасамай, үлгілі, өнегелі азамат болып өссін» дегенді білдіреді. «Ашамай». Жаңағы кішкентай бала өсіп, 5–6 жасқа келді. Үлкендер оған жеке тай атап, ашамай (тайға арналған кішкентай ер-тоқым) істетіп, қамшы өріп, «Сен азамат болдың» деген сенім ұялатып, үйретілген жуас тайға әсем ашамай ерттеп, баланы тайға мінгізіп, жүргізеді. Осы қуанышта атасы: Ал ақ тілек, ақ тілек .Атқа тоқым сал білек. Атта жақсы шаба біл, Өнеге, өнер таба біл, Аймағыңа жаға біл. Атқа міндің, ақ жол болсын!»- деп бата береді. Балалар хормен Е. Өтетілеуұлының «Тәй-тәй» өлеңін айтады. Дәптермен жұмыс **3. Көркем әдебиет** Сюжеттік бірізділікті сақтап, көңіл күймен, қисынды мазмұндауға дағдыландыру. Татулықта, бірлікте өмір сүруге тәрбиелеу. Қазақстанның жері кең-байтақ, табиғаты бай, егемен мемлекет. Қазақстанның астанасы –

шегесі.(Қа-рын-даш)  
Екі аяқты бірізді,Адам мініп жүргізді.(Ве-ло-си-пед)Екі басты айдаһар,Бәрін қырып жояды.Екі аяқпен жер тіреп, Қағазды жеп қояды.(Қай-шы) Шайнасаң жағың талады, Тісіңнің кірін алады.(Са-ғыз)Қабат-қабат қаттама,Ақылың болса аттама.(Кі-тап) «Жоғалған буын»дидактикалық ойыны.  
Бір буынды айтады, балалар жалғастырып, келесі буынды табады те -(геш), те -(рек), те -(мір), те -(сік), те -(тік).ор -(та), ор -(ман), ор -(ақ).өр -(мек), өр -(кеш), өр -(ле), өр -(мек-ші) «Буынды қос» дидактикалық ойыны.  
Дәптермен жұмыс.  
Суреттердегі заттарды ата. Буынға бөл.Графикалық жұмыс Штрихта.Үзік сызықтарды бастыр.

**4.Дене шынықтыру**  
Баланың кинестикалық қабілеттерін дамыту.Қарда жүргіш машина.Біртізбекпен жүреді.Орман тұрғындары жаттығулары:тізбекпен қоян, қасқыр,түлкінің жүрістерін салып жүреді.ЖДЖ ойын түрінде.Орман алаңқайында жылынамыз.Артымнан қайтала.Тыныс алу гимнас

егемен мемлекет. Еліміздің мақтана алатын мемлекеттік рәміздері бар. Ол – Туы, Елтаңбасы, Гимні. Біз – тәуелсіз елдің бақытты ұландарымыз. «Тәуелсіз Қазақстан» өлеңін мәнерлеп оқу. Сөздік жұмыс: *тәуелсіздік* – еркіндік, теңдік, егемендік деген мағынаны білдіреді *еркіндік* – ешкімге тәуелді емес, еркін ел *теңге* – біздің ұлттық төлақшамыз Өлең мазмұны бойынша сұрақтар: Өлең қалай аталады? Авторы кім? Сендерге өлең ұнады ма? Өлеңде не туралы айтылған? Еліміздің қандай рәміздері бар? «Тәуелсіздік» деген сөзді қалай түсінесің? Дәптермен жұмыс:

**4.Музыка**  
Әннің сипатын қабылдау, дауысын дұрыс келтіріп орындау,ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру.Би қимылдарын орындау. Музыкалық-ырғақтық қимылдар:Айна орыс халық әуені.Музыка тыңдау: Желтоқсан.Қысқы орман туралы әңгіме.Дауыс жаттығуы. Ән айту:Шырша әні.Қазақтың жері.Билер:Еркебұлан биі. Ойындар,хороводтар:Айналмалы дөңгелек.Ойын шарты: Орындалған әндерді тыңдап, әннің мазмұнына сәйкес суретті

(Басбармақтарын көрсетіп, қол соғады). Ойын: «Жалғастыр». Сөздерді, сөйлемдерді бекітіп, қайталау. Қа...(қала) Кө... (көше) Сая.. (саябақ) Алматы... (Алматы – әдемі, әсем қала) Жұмыс дәптерімен жұмыс.

#### **4.Дене шынықтыру**

Нақты қимыл қозғалыстар жасай білу қабілеттерінтқалыптас тыруды жалғастыру. Құмырсқалар соқпақпен келеді. Шеңбер бойымен тізбектеле бағытты өзгертіп жүру және жүгіру .Бір тізбекпен жүру, орташа қарқынмен жүгіру. Артқа бұрыл бұйрығы бойынша бағыттарын өзгертіп жүгіреді.Заттар арасымен және заттарды аттап жүру және жүгіру.Бұлшық еттерді жаттық тырамыз.ЖДЖ текшемен орындау.Негізгі қимыл

Астана қаласы Сарыарқа даласында, Есілдің жағасында орналасқан (картадан көрсету). Біз – Қазақстан азаматы екендігімізді мақтан етеміз. Қазақстан – біздің Отанымыз. Әлия Дәулеткелдінің «Тәуелсіздігіміз мәңгілік» атты әңгімесімен танысамыз.Әңгіме мазмұны бойынша сұрақтар: Әңгіме қалай аталады? Саған әңгіме ұнады ма? Авторы кім? Әңгіме не туралы? Бұл қандай мереке? Қазақстан халқы бұл мерекені қалай тойлайды? Тәуелсіздік мерекесін сен қалай сезінесің? Сөздік жұмыс: *тәуелсіздік* – еркіндік, теңдік, егемендік мағынасын білдіреді *еркіндік* – ешкімге тәуелді емес, еркін ел *теңге* – біздің ұлттық төл. Дидактикалық ойын: «Кім жылдам». Ойын шарты: Мақалды жалғастыр: Туған жерге туынды ... (*тік*). Батыр туса ел ырысы, жаңбыр жауса ... (*жер ырысы*).Дәптермен жұмыс.

**4.Музыка**  
Әннің сипатын қабылдау, дауысын дұрыс келтіріп

	<p>тикасы.Жел.Негізгі қимыл қозғалыстарды орындау. Қимыл қозғалыс ойыны: Қасқыр мен лақтар.Ойын шарты:Қарама-қарсы жаққа тек белгіден кейін жүгіреді. Залдың бір шетінде тұрады. Зал ортасында қасқыр тұрады.Бөрте,бөрте,бөрте лақ,Бөрте лақ тым ерке-ақ. Кетесің кейде секеңдеп, Байламаса көкем кеп.Лақтар жүгіреді,қасқыр оларды ұстап алуға тырысады. Релаксация. Орман музыкасын тыңдау.</p>	<p>көрсету.Музыкалық аспапта ойнау:Илигай.</p>	<p>қозғалыстарды орындау. Құмырсқаға үй тұрғызу. Демалыс жаттығуы.</p>	<p>орындау,ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру.Би қимылдарын орындау.Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Айна орыс халық әуені. Музыкатыңдау:Желтоқсан. Қысқы орман туралы әңгіме.Дауыс жаттығуы. Ән айту:Шырша әні. Қазақтың жері.Билер: Еркебұлан биі.Ойындар, хороводтар:Айналмалы дөңгелек.Ойын шарты: Орындалған әндерді тыңдап,әннің мазмұнына сәйкес суретті көрсету. Музыкалық аспапта ойнау:Илигай.</p>
<p>Балалармен жеке жұмыс</p> <p>Серуен</p> <p>Балалардың үйге қайтуы</p>	<p>Балалармен жеке жұмыс.Жеке картаға сәйкес:әңгімелесу,дидактикалық ойындар,сөйлеудің дыбыстық мәдениеті,байланыстырып сөйлеу,бейнелеу әрекеті арқылы шығармашылық қабілеттерін дамыту.</p> <p>Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау,спорттық-ойын жабдықтары мен спорттық құрал-жабдықтарды дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу.Серуенге қызығушылықтарын арттыру.Балаларды реттілікпен киінуі,серуенге шығу,топтық ережелерді қайталау,өзіне-өзі қызмет ету дағдылары,ірі және ұсақ моториканы дамыту тақырыбына жеке әңгімелер өткізу. Серуен картатекасы №1,№2,№3,№4,№5 Ауа-райы құбылыстары мен табиғат объектілерін бақылау,әңгімелесу,көркем сөз, спорттық,қимылды және ұлттық ойындар,еңбек әрекеті.</p> <p>Балалардың жетістіктері туралы әңгімелесу,ата-аналардың балаларды тәрбиелеу мен дамыту бойынша сұрақтарына жауап беру,кеңес беру.</p>			



--	--

## Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы:

Топ: Мектепалды даярлық

Балалардың жасы: 5-6 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: 19-23 желтоқсан 2022 жыл

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Балаларды көтеріңкі күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Балаларға тәрбиешінің толық аты-жөнін атап сәлемдесуді үйрету. Баланың бүгінгі көңіл күйі туралы сұрау.				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Балалардың көңіл-күйі, денсаулығы жайында ата-анамен әңгімелесу.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Топта балалар арасында достық қарым-қатынасты тәрбиелеу. Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары. Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу. Құрастыру материалдарымен құрастыру ойындары, кітаптар қарау. Табиғат бұрышындағы еңбек. Бөлме өсімдіктеріне күтім жасау. Балалармен жеке жұмыс				
Таңертеңгі жаттығу	Желтоқсан айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені. Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті.				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Балалардың сезінген әсерлерімен бөлісу, жаңалықтарды білу, бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау, ережелер туралы келісу және т.б.				
Ұйымдастырылған іс-әрекет	<b>1. Сөйлеуді дамыту</b> Сөз, сөйлем деген не түсіндіру. Ажарлы қыс үлгі суреті бойынша әңгіме құрауға үйрету. Далада қар борайды. Ақ мамыққа орайды. Мұз болады, қатады.	<b>1. Қоршаған орта таныстыру</b> Жайлау, киіз үйдің құрылысы және оның ішкі жиһаздары туралы мәлімет беру. Тақиятастамақойыны. Балалар дөңгенеле	<b>1. Сауат ашу негіздері</b> Төрт дыбысты сөздерге дыбыстық талдау жасауды түсініктерін қалыптастыру. Дауыссыз, дауысты дыбыстарды ажыратуға жаттығулар жасату.	<b>1. Сөйлеуді дамыту</b> Сөз, сөйлем деген не түсіндіру. Ажарлы қыс үлгі суреті бойынша әңгіме құрауға үйрету. Далада қар борайды. Ақ мамыққа орайды. Мұз болады, қатады.	<b>1. Сауат ашу негіздері</b> Дыбыстық талдау жасауды жетілдіру. Дауыссыз, дауысты дыбыстарды ажыратуға жаттығулар жасатуға жаттықтыру. «Не өзгерді?» ойын-жаттығуы. Балаларға

<p>Жып-жылтыр боп жатады. Қыс мезгілі туралы әңгіме. Сөйлем дегеніміз – тиянақты жинақталған бір ой. Сөйлемдер сұраулы сөйлем, хабарлы сөйлем болып бөлінеді. Әр сөйлемнің өзінің тыныс белгілері бар. Хабарлы сөйлемнен соң нүкте қойылады. Қуанышты, көңіл күйді білдіретін сөздерге леп белгісі қойылады, сұраулы сөйлемнен кейін сұрақ белгісі қойылады. Демонстрациялық материалмен</p>	<p>отырады. Бір бала тақияны алып, балаларды айналып жүреді. Балалар ойын сөздерін айтып отырады. Ойым бар, бір ойын бастамақ, Аты оның тастамақ. Ақырын, ақырын бастаймын. Бірінің тұсына келгенде, сездірмей тақия тастаймын! Бала тақияны бір баланың тұсына келіп, тастап қашады. Ол бала тақияны ала салып, қуады, егер қуып жетпесе, қашқан бала бос орынға отырып алады, қуып жете алмаған бала айыппұл төлейді. Балалардың сұрауы бойынша өлең, тақпақ айтады, жан-жануардың дауысын салады. Қ. Баянбай Киіз үй өлеңін оқу. Жайлау тақырыбында демонстрациялық материалдардағы суретпен жұмыс. Жайлау жазғы қоныс. Киіз үй сәулеттік құрылыс. Кереге, шаңырақ, уық, сырқырауық-</p>	<p>Дыбыстармен жұмыс Балаларға дыбыстарды, буындарды сөздерді, кезектестіріп айтады, балалар «у» дыбысын естісе, жалаушаны көтереді. Мысалы: а, п, м, т, и, у, м, с, ч, я, ю, у, ж, а, у, ц, и, у, р, т, л, у... Дидактикалық жаттығулар «Дауыссыз дыбыстан басталатын сөз жалға» балаларға суреттер көрсетеді, балалар сол суреттің мағынасына келетін, дауыссыз дыбыстан басталатын сөздер жалғаулары керек. Мысалы: қызанақ ... (қызыл), қияр ... (жасыл), балмұздақ ... (тәтті), кітап ... (қызық), шалбар ... (қалың), су ... (суық), домбыра ... (кішкентай), арба ... (жалпақ), керует ... (жіңішке) «Сөзді аяқта» жаттығуы. Балаларға соңғы буынын айтпай сөздер айтамын, сендер буынды қосып, сөзді айтасыңдар. Мысалы: кү...шік, көбе...лек, ба...нан, алжап...қыш, жұлдыз...ша, жылқы..</p>	<p>Жып-жылтыр боп жатады. Қыс мезгілі туралы әңгіме. Сөйлем дегеніміз – тиянақты жинақталған бір ой. Сөйлемдер сұраулы сөйлем, хабарлы сөйлем болып бөлінеді. Әр сөйлемнің өзінің тыныс белгілері бар. Хабарлы сөйлемнен соң нүкте қойылады. Қуанышты, көңіл күйді білдіретін сөздерге леп белгісі қойылады, сұраулы сөйлемнен кейін сұрақ белгісі қойылады. Демонстрациялық материалмен жұмыс. 2. Қоршаған ортамен таныстыру Жайлау, киіз үйдің құрылысы және оның ішкі жиһаздары туралы мәлімет беру. Тақия тастамақ ойыны. Балалар дөңгеле</p>	<p>сөздер айтылды, балалар сөздердің қандай айырмашылығы, қандай ұқсастықтары бар екенін, не өзгергенін ойланып айтады. Мысалы: тар, тер, тор; бар, бер, бор; кел, көл; доп, дөп; жар, жер, жыр; дем, жем, кем; қар, қор, қыр; бала, бөле, биле т.б. Дидактикалық жаттығу: «Кім зейінді?» – Балалар, алдарыңа көк түсті төртбұрыш, үшбұрыш, көк, сары және қызыл дөңгелектерді алып, қатаң дауыссыз дыбысты айтса, көк төртбұрышты, үнді дауыссыз дыбысты айтса, көк үшбұрышты, ұяң дауыссыз дыбысты айтса, көк, жуан дауысты дыбысты айтсам сары, жіңішке дауысты дыбысты айтса, қызыл дөңгелекті көтереді. Мысалы: «а-, -й-, -ц-, -у-, -к-, -е-, -н-, -г-, -ш-, -щ-, -з-, -х-, -ф-, -ы-, -в-, -а-, -п-, -р-, -о-, -л-, -д-, -ж-, -э-, -я-, -ч-, -с-, -м-, -и-, -т-, -б-, -ю т.б.» «Не артық?» дидактикалық ойыны бір топқа жататын сөздерге тез-тез бір бөгде сөзді қоса айтады. Балалар</p>
--	---	--	---	--

**жұмыс.**  
**2.Математика негіздері**  
«артық», «кем», «тең» ұғымдарын қалыптастыру. Балаларды«=» белгісімен, оның мәнімен таныстыру; саны бойынша бірдей бөліктердің арасындағы өзара бір мәнді сәйкестікті анықтау; санау, салыстыру, санды цифрмен белгілеу біліктілігін бекіту. Мөлдір дорбаны немесе тақтаның жоғарғы бөлігінде араластырылып бекітілген пішіндер жиынын көрсете отырып, сұрақ қойылады: бізде қандай печеньеелер бар? Печеньенің пішінін анықтайды: дөңгелек, үшбұрыш, шаршы және сопақша.  
**3.Сауат ашу негіздері**  
Дыбыстық талдау жасауды дамыту  
Сөздегі дыбыс санын

киіз үйдің негізгі бөлшектері. Ұлттық ою түрлері: Балта, қызғалдақ, қошқармүйіз, тарақ. Үй жиһаздары: кебеже, текемет, сырмақ. Ұлттық киімдер: камзол, мәсі, сәукеле, шапан, тақия. Қай топ көп сөз айтады ойыны. Дәптермен жұмыс. Киіз үй жабдықтары. Сандықты өрнектермен әсем деп боя. Қоржынды асықпен толтырайық ойыны.  
**2.Қазақ тілі**  
Шағын мәтіндер құрауды үйретуді жалғастыру. Шаттық шеңбері. Қол алысып, кәне, біз. Достасайық бәріміз. Айтарым бар сендерге, Тезтұрындар шеңберге. Қандай жақсы біртұру, Қандай жақсы дос болу. Ғажайып сәт. Қонаққа қуыршақтар келеді. Ойын: Алтын сақа. Әсем қала-Алматы тақырыпты қайталау. Жаңа сөздермен таныстыру. Демонстрациялық материал

.шы, шах...мат, ине...лік, жолба...рыс, жас...тық, ағаш..тар, бақта..шы, береке...лі, күлкі...лі, Дәптермен жұмыс «кілт» сөзіне дыбыстық талдау жаса. Үзік сызықтарды бастыр.  
**2.Математика негіздері**  
10 көлемінде тура және кері санау дағдысын қалыптастыру. Келесі санды 1-ді қосу арқылы және 1-ді азайту арқылы алу тәсілімен таныстыру. Сандық кесіндіден 1-ді қосу және 1-ді азайту арқылы мысалдар шығару ұғымдарын қалыптастыру. 1-ді қосу және азайтуды үйрету. 10-ға дейін тура және кері санауды жүргізу. Талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасауды үйрету. Карточкамен жұмыс демонстрациялық материалмен жұмыс Топтан екі баланы шақырады, олар цифрды тез және дұрыс қояды, тура және кері санайды. Бір

отырады. Бір бала тақияны алып, балаларды айналып жүреді. Балалар ойын сөздерін айтып отырады. Ойым бар, бір ойын бастамақ, Аты оның тастамақ. Ақырын, ақырын бастаймын.. Бірінің тұсына келгенде, сездірмей тақия тастаймын! Бала тақияны бір баланың тұсына келіп, тастап қашады. Ол бала тақияны ала салып, қуады, егер қуып жетпесе, қашқан бала бос орынға отырып алады, қуып жете алмаған бала айыппұл төлейді. Балалардың сұрауы бойынша өлең, тақпақ айтады, жан-жануардың дауысын салады. Қ. Баянбай Киіз үй өлеңін оқу. Жайлау тақырыбында демонстрациялық материалдардағы суретпен жұмыс. Жайлау жазғы қоныс. Киіз үй сәулеттік құрылыс. Кереге, шаңырақ, уық, сырқы рауық-киіз үйдің негізгі бөлшектері. Ұлттық ою түрлері: Балта, қызғалдақ, қошқармүйіз, тарақ. Үй жиһаздары: кебеже, текемет, сырмақ. Ұлттық киімдер: камзол, мәсі, сәукеле, шапан, тақия.

сол артық сөзді табуы керек. Мысалы: нан, шай, май, тай – ... (*май*)  
Қызыл, жасыл, ақ, тақ, көк – ... (*тақ*)  
Алма, шие, бөрік, өрік – ... (*бөрік*)  
Екі, үш, төрт, бес, кес – ... (*кес*)  
Дәптермен жұмыс Екі бағандағы қатаң, үнді, ұяң дауыссыз дыбыстардан басталатын заттардың суреттерін сәйкестендір. Р дыбысы бар заттарды қорша. Жануарларды ата. Буынға бөл, неше буыннан тұратынын айт. Дыбыстық талдау жаса. (графикалық жұмыс) Нүктелерді үзбей бастыр. Үзік сызықтарды бастыр.  
**2.Математика негіздері**  
10 көлемінде тура және кері санау дағдысын қалыптастыру. Келесі санды 1-ді қосу арқылы және 1-ді азайту арқылы алу тәсілімен таныстыру. Сандық кесіндіден 1-ді қосу және 1-ді азайту арқылы мысалдар шығару ұғымдарын қалыптастыру. 1-ді қосу және азайтуды үйрету. 10-ға дейін тура және кері санауды жүргізу.

<p>анықтай алуға үйрету. Дидактикалық ойын-жаттығулары «Жалауша» Дыбыстар айтылады, егер дыбыс дауысты болса, балалар қызыл жалаушаны, егер дыбыс дауыссыз болса, көк жалаушаны желбіретеді. «Тиісті белгіні көтер» жаттығуы. Жуан, жіңішке дауысты дыбыстарды араластырып айтады, балалар жуан дауысты дыбысты айтқанда, қара түсті дөңгелекті, жіңішке дауысты дыбыстарды айтқанда, қызыл дөңгелекті көтереді. «Кім көп сөз ойлап айтады» ойыны – Н дыбысынан басталатын сөздер ойландар. – Нан, нар, ну, нарын, немене, не, неге, нағыз, Нұрлан, Нұргүл, неке, нақ, неліктен. – Р дыбысынан басталатын сөз ойландар. – Радио, раушан, рас,</p>	<p>дағы суретпен жұмыс. Дыбыстық жаттығу. Тақпақ жаттау. Қыста қармен ойнаймыз, Қызыққа біз тоймаймыз. Таудан төмен сырғанап, Шаңғы, шана тебеміз. Жаңылтпаш. Тұз-мұздай, Мұз-тұз дай. Дәптермен жұмыс. Айдармасын айт дидактикалық ойыны. <b>3. Көркем әдебиет</b> Сюжеттік бірізділікті сақтап, көңіл күймен, қисынды мазмұндауға дағдыландыру Әңгіменің тілдік бейнелілігін сезінуге баулу. Қазақстанның жері кең-байтақ, табиғаты бай, егемен мемлекет. Қазақстанның астанасы – Нұр-Сұлтан қаласы Сарыарқа даласында, Есілдің жағасында орналасқан (картадан көрсету). Біз – Қазақстан азаматы екендігімізді мақтан етеміз. Қазақстан – біздің Отанымыз Әлия Дәулеткелдінің «Тәуелсіздігіміз мәңгілік» атты</p>	<p>бала санауды бастайды, екіншісі жалғастырады деген тәсілді пайдаланамыз. <b>Дәптермен жұмыс істеу.</b> Қандай вагондардың нөмірі жоқ? <b>Ойын жаттығуы:</b> «Жазбаны шеш». Балалар карточкалардың көмегімен үстелде және тақтада математикалық жазбалар жасайды жұппен орындауды ұсынады, балалар суретте не бейнеленгенін санайды және атайды. Мысалдар құрастырып, оларды шығарады. Вагондарды бояйды. Әр қатарға неше вагон боядың? Әр қатарда неше вагоннан болды? «Математикалық жазулар» дәптері мен жұмыс. 16-ші беттегі № 21-ші тапсырманы орындауға ұсынады. <b>3. Қазақ тілі</b> Ертегіні сахналау, диалогке қатысуға үйрету. Шаттық шеңбері. Аспан болсын көгілдір, Жайнай берсін</p>	<p>Қай топ көп сөз айтады ойыны. Дәптермен жұмыс. Киіз үй жабдықтары. Сандықты өрнектермен әсемдеп боя. Қоржынды асықпен толтырайық ойыны. <b>3. Көркем әдебиет</b> Әңгіменің мағынасын интонациямен мазмұндауға жетелеу. Көркем тілдік дағдыларды қолдана білуін бекіту. Әңгіме – әдеби жанрдың бір түрі. Әңгіменің басқа жанрлардан ерекшелігі – болған оқиғаны қысқа баяндайды. Максим Зверевтің «Орман емшілері» әңгімесімен танысамыз. Әңгіме мазмұны бойынша сұрақтар: Авторы кім? Әңгіме не туралы? Тоқылдақ ағашта не істеді? Ағаштың қабығынан не төгілді? Ойынды ортаға сал. Орман шымшықтары не істеді? Шымшықтар тоқылдаққа қандай көмек көрсетті? Орманды зиянды жәндіктерден не қорғайды? Дәптермен жұмыс: Жұмбақты шеш. Суретте қай құс жасырынған? Боя. Ұйқасын тап. <b>4. Музыка</b></p>	<p>Талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасауды үйрету. Карточкамен жұмыс демонстрациялық материалмен жұмыс Топтан екі баланы шақырады, олар цифрды тез және дұрыс қояды, тура және кері санайды. Бір бала санауды бастайды, екіншісі жалғастырады деген тәсілді пайдаланамыз. <b>3. Шығармашылық іс-әрекет</b> Елестету бойынша бірнеше бөліктерден зат жасау дағдыларын қалыптастыру. Домбыра туралы әңгіме, домбыра түрлері. Домбыра құрылысы. Домбыра жасаудың жолдары мен техникасын түсіндіру. Қошқармүйіз оюы. Балалар шығармашылығы. <b>4. Дене шынықтыру</b> Гимнастикалық қабырғаның бір сатысынан екінші сатысына диагональ бойынша адымдап өтуге, өрмелеуге жаттықтыруды жалғастыру, қол мен аяқ қозғалысын үйлесімді қозғау қабілеттерін</p>
---	---	---	---	--

рет, резеңке, рең. Қолдарыншапалақтап, сөздерді буынға бөледі, сонан соң буындары ретімен айтады. Дәптермен жұмыс Дыбыстық талдау жаса. Суреттерді штрихта. Үзік сызықтарды бастыр.

**4. Дене шынықтыру**  
Гимнастикалық қабырғаның бір сатысынан екінші сатысына диагональ бойынша адымдап өтуге, өрмелеуге және түсуге үйрету, қол мен аяқты үйлестіріп қозғау шеберліктерін (машықтарын) жетілдіру (тіркемелі адыммен адымдау, саты тепкішектерін қолмен ұстап). 30 см биік заттың үстінен белгіленген жерге дәл секіреді. Шеңбер ішіне аяқтың ұшымен түседі. Қолдарын еденге тигізбеуге тырысады. Қимыл-қозғалыс ойыны: «**Лақтыр-қағып ал**» Үш тізбекке тұрады.

әңгімесімен танысамыз. Әңгіме мазмұны бойынша сұрақтар: Әңгіме қалай аталады? Саған әңгіме ұнады ма? Авторы кім? Әңгіме не туралы? Бұл қандай мереке? Қазақстан халқы бұл мерекені қалай тойлайды? Тәуелсіздік мерекесін сен қалай сезінесің? Дидактикалық ойын: «Кім жылдам». Ойын шарты: Мақалдың басы айтылады, балалар жалғастырады Туған жерге туынды ... (тік). Батыр туса ел ырысы, жаңбыр жауса ... (жер ырысы). Дәптермен жұмыс: Суретті аяқтап, сал. Боя.

**4. Музыка**  
Дауысы мен есту қабілеттерін дамытуға арналған жаттығулар дан қиын емес әуендерді 2-3жақын үндестікте дауысын дәл келтіріп орындауға үйрету. Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Сағат. Жеңіл әуенге

бұл өмір. Ақ мамық қар жауып, біз аққала жасаймыз. Қима материалмен жұмыс. Суреттер бойынша Қыс қызығы тақырыбындағы суреттерді көрсету, балалар атайды, сөйлем құрастырады. Суреттің көмегімен Қолғап ертегісін айту. Ертегі мазмұны бойынша сұрақтар. Ертегі кейіпкерлері: Қолғап, тышқан, бақа, аю. Ертегіні сахналау. Бетперделерін тағып ойнайды. Дәптермен жұмыс. Сыңарын тап, сызықпен қос.

**4. Дене шынықтыру**  
Балаларды шаңғымен жүрумен таныстыру, қозғалысқа дұрыс бастама болатын бастапқы қалыпқа дұрыс келуді үйрету. Дене қимыл жаттығуларын төзімділік пен жаттыққандықты арттыру үшін біртіндеп көбейте отырып орындауға дағдылан

Дауысы мен есту қабілеттерін дамытуға арналған жаттығулар дан қиын емес әуендерді 2-3жақын үндестікте дауысын дәл келтіріп орындауға үйрету. Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Сағат. Жеңіл әуенге ілесіп би қимылдарының элементтерін жасайды. Музыка тыңдау: Жаңа жыл. Дауыс жаттығуы. Ән айту: Ақшақар. Шырша әнін орындау. Жеке және хормен айту. Билер: Ұлпақарлар биі. Музыкалық аспапта ойнау: Польша.

жетілдіру. Шынтақтарын бүгіп, қысқа адыммен және бірқалыпты ырғақпен жүгіру шеберліктерін (машықтарын) жетілдіру. Еркін бағытта фитболдарды (доптарды) домалатуға жаттықтыру Бір орында тұрып биіктікке түрлі тәсілдермен секіру (30 см). Топтарға бөлініп, негізгі қимыл-қозғалыстарды орындайды. Қолдарымен тепкішектерді ұстайды, аяқтарымен оларды тіркемелі адыммен басады. Секірген кезде бүгілген тізелерін кеуделеріне қарай созып, сонан соң жылдам төмен жіберіп, жерге жұмсақ түсу керектігін түсіндіреді. Жерге түскеннен кейін денені түзу ұстап, табанмен жерді толық басып тұрады созып, сонан соң жылдам төмен жіберіп, жерге жұмсақ түсу керектігін түсіндіреді. «**Қи қоныз**» ойын-жаттығуы. Еркін бағытта фитболдарды (доптарды) домалатуға жаттықтыру. Фитболдарды зал бойымен домалатып жүреді. Доптарды

	<p>Бірінші ойыншылардан 2 м арақашықтықта доп ұстаған жүргізушілер тұрады. Белгі бойынша олар бірінші ойыншыларға допты лақтырады. Ал олар допты жүргізушіге қайта лақтырып, өздері тізбектің артына барып тұрады. Бірінші бала тізбектің басына қайтып оралғанда ол қолын көтереді. Тапсырманы жылдам орындаған топ жеңіске жетеді</p>	<p>ілесіп би қимылдарының элементтерін жасайды. Музыка тыңдау: Жаңа жыл. Дауыс жаттығуы. Ән айту: Ақшақар. Шырша әнін орындау. Жеке және хормен айту. Билер: Ұлпақарлар биі. Музыкалық аспапта ойнау: Польша.</p>	<p>дыру. Дайындық жаттығуларын орындау: екі шаңғыда тұрып отырып-тұру. Бір орында тұрып бір аяқтан екінші аяққа секіру «Шаңғымен адымдап жүру». Қол мен аяқтың қимылдарын түзету. Шаңғымен жүреді. Қол мен аяқ қимылдарын үйлестіріп, белгіленген жерге санаулы қадам жасап (8–10), жетіп алуға тырысады  <b>Қозғалыс ойындары:</b>  <b>«Сағат»</b> Екі ойыншы бірдей қашықтықта шеңбер бойымен тұрып алып, белгі берілгенде бір бағытта жүгіріп, бірін-бірі қуып жетуге тырысады. Ойында жаттығуларды екі бағытта қайталау керек (сағат тілімен,</p>		<p>қатты итермейді  <b>Қимыл-қозғалыс ойыны: «Төбешіктен-төбешікке».</b>  Ойыншылар еденге тақтайшаларды қойып, оның үстіне тұрады, сонан кейін екіншісін қояды. Осыдан кейін екінші тақтайшаға секіріп тұрады да, бірінші таяқшаны алып, оны алдыға тастайды. Осылайша залдың екінші шетіне дейін тақтайдан-тақтайға секіріп барады.</p>
--	---	---	---	--	---

			сағат тіліне қарсы).		
Балалармен жеке жұмыс	Балалармен жеке жұмыс. Жеке картаға сәйкес: әңгімелесу, дидактикалық ойындар, сөйлеудің дыбыстық мәдениеті, байланыстырып сөйлеу, бейнелеу әрекеті арқылы шығармашылық қабілеттерін дамыту.				
Серуен	Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, спорттық-ойын жабдықтары мен спорттық құрал-жабдықтарды дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Серуенге қызығушылықтарын арттыру. Балаларды реттілікпен киінуі, серуенге шығу, топтық ережелерді қайталау, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту тақырыбына жеке әңгімелер өткізу. Серуен картатекасы №1, №2, №3, №4, №5 Ауа-райы құбылыстары мен табиғат объектілерін бақылау, әңгімелесу, көркем сөз, спорттық, қимылды және ұлттық ойындар, еңбек әрекеті.				
Балалардың үйге қайтуы	Балалардың жетістіктері туралы әңгімелесу, ата-аналардың балаларды тәрбиелеу мен дамыту бойынша сұрақтарына жауап беру, кеңес беру.				



## Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы:

Топ: Мектепалды даярлық

Балалардың жасы: 5-6 жас


Жоспардың құрылу кезеңі: 26-30 желтоқсан 2022 жыл

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Балаларды көтеріңкі күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Балаларға тәрбиешінің толық аты-жөнін атап сәлемдесуді үйрету. Баланың бүгінгі көңіл күйі туралы сұрау.				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Балалардың көңіл-күйі, денсаулығы жайында ата-анамен әңгімелесу.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Топта балалар арасында достық қарым-қатынасты тәрбиелеу. Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары. Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу. Құрастыру материалдарымен құрастыру ойындары, кітаптар қарау. Табиғат бұрышындағы еңбек. Бөлме өсімдіктеріне күтім жасау. Балалармен жеке жұмыс.				
Таңертеңгі жаттығу	Желтоқсан айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені. Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті.				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Балалардың сезінген әсерлерімен бөлісу, жаңалықтарды білу, бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау, ережелер туралы келісу және т.б.				
Ұйымдастырылған іс-әрекет	<p><b>1. Сөйлеуді дамыту</b> <b>Міндеті:</b> Ой-өрісін кеңейту, есте сақтау қабілетін дамыту. Таудай биік боламыз Шыршадай жасыл жайқалып, Көңіл күйді ашамыз. Нұрын төккен әлемге, Күн</p>	<p><b>1. Қоршаған орта таныстыру</b> Байланыс құралдарының қазіргі замандағы рөлімен таныстыруды жалғастыру арқылы байланыстырып сөйлеу дағдыларын</p>	<p><b>1. Сауат ашу негіздері</b> <b>Міндеті:</b> Сөйлем сызбасымен таныстырып, 2-3 сөзден тұратын сөйлем құрауды үйрету</p>	<p><b>1. Сөйлеуді дамыту</b> <b>Міндеті:</b> Ой-өрісін кеңейту, есте сақтау қабілетін дамыту.  Таудай биік боламыз Шыршадай жасыл жайқалып, Көңіл күйді ашамыз. Нұрын төккен</p>	<p><b>1. Сауат ашу негіздері</b> <b>Міндеті:</b> Сөздерді қатыстырып, белгілі ретімен сөйлем құрай алу және сөйлемдегі бірінші, екінші, үшінші сөздерді ретімен айта алу дағдыларын бекіту</p>

<p>боп шуақ шашамыз. Ақ қайыңдай тербеліп, Мөлдір судай ағамыз. Қыран құстай самғаймыз, Таудай биік боламыз. Балаларға М.Төрежановтың «Біз де ойнаймыз» әңгімесін таныстырады.</p> <p><b>Дидактикалық ойын: «Берілген дыбысқа сөзді ата».</b></p> <p>Ойын шарты: балаларға бір сөз айтылады, сол сөз қандай дыбыспен аяқталса, ойынды жалғастырушы бала сол дыбыстан басталатын жаңа сөз айтуы тиіс. Ойын осылай жалғасын табады.</p> <p><b>Дәптермен жұмыс.</b></p> <p>Дәптердегі тапсырма бойынша орындалады.</p>	<p>жетілдіру.</p> <p><b>«Сымсыз телефон ойыны»</b></p> <p>Бастаушы бір баланың құлағына бір сөз айтады, ол бала жанындағы балаға сыбырлап, басқаларға естіртпей жеткізу керек. Осылай сөзді өзгертпей келесі балаға айтады. Ең соңғы бала естіген сөзді дауыстап айтады, егер сөз өзгерген болса, кім қандай сөз естігенін қайталап айтып, сөзді кім өзгертсе, сол бала айыпты болады. Айыбын тақпақ не өлең айтып өтейді.</p> <p><b>Балаларға жұмбақтар жасырылады</b></p> <p>1. Бар екен бір терезе ғажап үйде Кино болар терезеден күнде-күнде (телевизор)</p> <p>2. Айтқан сөзді сыбырлап осы жерде Естіп алар бір құлақ алыс елде (телефон)</p> <p>3. Жазуы бар ақ парак</p>	<p><b>«Бөлшектерінен тап» ойыны</b></p> <p>1. Көз, ауыз, желбезек – ... (балық)</p> <p>2. Бас, қанат, аяқ – ... (құс)</p> <p>3. Құлақ, көз, жал – ... (жылқы)</p> <p>4. Бас, мүйіз, сақал – ... (ешкі)</p> <p><b>«Жоғалған дыбысты тап» дидактикалық ойыны</b></p> <p>Балаларға суреттерді көрсетіп бір дыбысы жоғалған сөз айтылады, балалар сол жоғалған дыбысты орнына қойып қайта айтады. Мысалы: көгерші...(<i>н</i>), балмұзда...(<i>қ</i>), домбыр...(<i>а</i>), қасқы...(<i>р</i>), шырш...(<i>а</i>), банк...(<i>а</i>), шеле...(<i>қ</i>), арб...(<i>а</i>), сегі...(<i>з</i>), уылдыры...(<i>қ</i>), күнбағы...(<i>с</i>), монш...(<i>а</i>), кіта...(<i>н</i>), журна...(<i>л</i>), үсте...(<i>л</i>), орынды...(<i>қ</i>), баспалда...(<i>қ</i>), мекте...(<i>н</i>)</p>	<p>әлемге, Күн боп шуақ шашамыз. Ақ қайыңдай тербеліп, Мөлдір судай ағамыз. Қыран құстай самғаймыз, Таудай биік боламыз.</p> <p>Балаларға М.Төрежановтың «Біз де ойнаймыз» әңгімесін таныстырады.</p> <p><b>Дидактикалық ойын: «Берілген дыбысқа сөзді ата».</b></p> <p>Ойын шарты: балаларға бір сөз айтылады, сол сөз қандай дыбыспен аяқталса, ойынды жалғастырушы бала сол дыбыстан басталатын жаңа сөз айтуы тиіс. Ойын осылай жалғасын табады.</p> <p><b>Дәптермен жұмыс.</b></p> <p>Дәптердегі тапсырма бойынша орындалады.</p> <p><b>2. Қоршаған ортамен</b></p>	<p><b>«Жалпы атауын ата» ойыны</b></p> <p>1. Құлпынай, таңқурай, қарақат – ... (жидектер)</p> <p>2. Түймедақ, қызғалдақ, раушан – ... (гүлдер)</p> <p>3. Көбелек, қоңыз, маса, құмырсқа – ... (жәндіктер)</p> <p>4. Сиыр, ешкі, қой, жылқы – ... (малдар)</p> <p>5. Күн, түн, таңертең, кеш – ... (күн уақыты)</p> <p><b>«Тиісті түсті көрсет» дидактикалық ойыны</b></p> <p>Балаларға дыбыстарды айтады: а, б, у, о, и, с, п, р, л, д, ф, ж. Балалар тиісті түсті көтереді, егер дыбыс дауысты болса, қызыл, ал дыбыс дауыссыз болса, көк фишканы көтеру керек.</p> <p><b>«Сөз айт, тез айт» дидактикалық ойыны</b></p> <p>Балаларды үш топқа бөлінеді. Бірінші топқа дауысты дыбыстардан басталатын сөздер, екінші топқа қатаң дауыссыз дыбыстан басталатын, үшінші топқа ұяң және үнді дыбыстардан басталатын сөздер айтуға тапсырма</p>
---	---	---	--	---

## 2.Математика негіздері

**Міндеті:**Топтарда заттардың тең және тең емес санын анықтауға, санау және топтарды салыстыру негізінде сандық мәндерді дұрыс қорытындылау; талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасауға үйрету; 10-ға дейін санауды; заттарды белгілі бір ерекшелігіне қарай топтастыруды бекіту. Балалар тақтаға ілінген платкатқа қарап,



сол және оң жақтағы суреттерді салыстырады. Қай жақта көп немесе қай жақта аз? Қалай теңестіруге болады?  
**Дәптермен жұмыс**  
1 тапсырманы орындау үшін

қанат қақты,  
Жеткізеді әлемдегі жаңалықты (газет)  
Теледидар, телефон, газет байланыс құралдарына жатады. Әлемнің алысжақын елдерінен жеткізілетін жаңалық, хабарларды тарататын құралдар **ақпарат құралдары** деп аталады.

**Демонстрациялық материалмен жұмыс**  
Балаларға компьютердің алдында көзі қызарып, шашы жалбырап, түсі бұзылып отырған бала суретін көрсетеді. Балаларға ескерту жасалып, компьютерде ұзақ отыру зиян екенің түсіндіреді. Ешқашан компьютер алдында 10–20 минуттан артық отырмандар!  
1. Компьютер зиянды сәуле шығарады. Ол зиянды сәуле сендердің денсаулықтарыңның нашарлануына әкеліп соғады.

### «Дұрыс көрсет» дидактикалық ойыны

Балаларға қандай да бір дыбыстың сөздің басында, ортасында, соңында кездесетін мысал келтіреді. Егер дыбыс сөздің басында тұрса, қызыл жалаушаны, соңында тұрса, көк жалаушаны, ортасында тұрса, екі жалаушаны да көтереді. Мысалы: **-қ дыбысы:** (қасқыр, қамыс, асқабақ, бақ, мақта, қымбат, ақылды, барлық, бақа, балық, қаймақ, қант, лақ, қылыш, қоңыз, қораз, дақ, аңқау, қанат, қарлығаш, сауысқан, аққу, таңқурай, домалақ, кемпірқосақ, қаз, жастық, батпақ, қымыз, қаңылтыр, құймақ, қоңыр, қол, қорап, тоқ т.б.)  
**-т дыбысы:** (тор,

### таныстыру

Байланыс құралдарының қазіргі замандағы рөлімен таныстыруды жалғастыру арқылы байланыстырып сөйлеу дағдыларын жетілдіру.

### «Сымсыз телефон ойыны»

Бастаушы бір баланың құлағына бір сөз айтады, ол бала жанындағы балаға сыбырлап, басқаларға естіртпей жеткізу керек. Осылай сөзді өзгертпей келесі балаға айтады. Ең соңғы бала естіген сөзді дауыстап айтады, егер сөз өзгерген болса, кім қандай сөз естігенін қайталап айтып, сөзді кім өзгертсе, сол бала айыпты болады. Айыбын тақпақ не өлең айтып өтейді.

### Балаларға жұмбақтар жасырылады

1. Бар екен бір терезе ғажап үйде Кино болар терезеден күнде-күнде (телевизор)  
2. Айтқан сөзді сыбырлап осы жерде Естіп алар бір құлақ алыс елде

беріледі. Сөз айтқан командаға жалауша беріп отырады. Ойын соңында жеңімпаз команда анықталады. Мысалы: дауысты дыбыстардан басталатын сөздер: *алма, ана, арна, ай, алқа, ауыз, орындық, от, Омар, он, оң, ол, ыдыс, ымырт, ірімшік, ілгіш, үтік, үй, үйшік, үлкен, өрмекші, өшіргіш, уық, уыз т.б.* Қатаң дауыссыз дыбыстан басталатын сөздер: *қаймақ, қалта, қазан, қоңыз, қора, қап, қатық, құй, қасқыр, қоқыс, таң, ферма, шаш, сабын, хат, циркуль, щетка, картоп, парта, сағыз т.б.*

Ұяң және үнді дыбыстардан басталатын сөздер: *бақа, вагон, гараж, гарыш, доп, жаңбыр, зәкір, лақ, мақта, нағашы, радио, суық, гүл, балық, май, литр, жұлдызқұрт, жұдырық, жұмыртқа, дақ, Дана т.б.*

### «Сөйлемді жалғастыр» дидактикалық ойыны

**Ойын шарты:** Балалар сөйлемнің басын айтады, балалар сөйлемді аяқтау

<p>суреттерді қарау керек. Қай топтағы заттардың арасына «=&gt;» белгісін қоюға болады?  <b>«Сонша жина» дидактикалық ойыны</b>  Балалар топқа бөлінеді.Әр топтың үстелінде біртекті заттар жиынтығы бар (текшелер,«Лего»бөлшектері,геометриялық фигуралар,бұршақтар, қыстырғыш немесе басқа материалдар)  Балаларға 1-ден 10-ға дейінгі сан жазылған карточканы көрсетеді, балалар сол санға байланысты заттарды жинайды  <b>Дәптермен жұмыс:</b>  1,2 тапсырмаларды орындау. Заттарды біріктіру  <b>«Математикалық жазулар» дәптерімен жұмыс.</b>  18-беттегі № 25 тапсырманы орындау  <b>3.Сауат ашу негіздері</b>  <b>Міндеті:</b> Сөйлем ұғымымен таныстыру,</p>	<p>2.Үнемі компьютерге тесіліп қарап отырғандықтан, көздеріңнің көру қабілеті төмендейді.  3.Ұзақ уақыт компьютермен әуестену кішкентай балалардың компьютерге тәуелділігіне әкеп соқтыруы мүмкін.  <b>Дәптермен жұмыс</b>  Суреттерге қара. Байланыс құралдарының жанындағы дөңгелекті жасыл түспен боя. Сыңарын тап. Сызықпен қос.  <b>2.Қазақ тілі</b>  Сөздерді бір-бірімен байланыстырып, сөйлем құрай білу, өз ойларын дұрыс жеткізе білу дағдыларын және сөйлеу мәдениетін дамыту. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету.Балаларға «Саяхатшы» ертегісін мәнерлеп оқу.</p>	<p><i>тоқылдақ, отыр, теп, кет, жат, тамақ, қақпа, қатық, торсық, от, тотықұс, кептер, трактор, темір, терең, кактус, шахмат, тау, тазы, трамвай, троллейбус, автобус, тарақ, тон т.б.)</i>  <b>«Сөйлемді толықтыр» дидактикалық ойыны</b>  Ойын шарты: балалар педагогтің бастаған сөйлемін өз ойларымен жалғастыру керек. Бәрін жасап қоятын (ол кім?) – (пысық). Тышқанның жауы – (мысық). Әжем иірді – (ұршық). Шәуілдеп үрді – (күшік). Ең қу аң – (түлкі). Үсті ине – (кірпі). Қол жуғышта ілулі – (сүлгі).  <b>Дәптермен жұмыс</b>  Сызбаны сурет бойынша түсіндір. Сөйлем мен сөздің сызбасын анықта. Сызбаға байланысты</p>	<p>(телефон)  3. Жазуы бар ақ парақ қанат қақты, Жеткізеді әлемдегі жаңалықты (газет)  Теледидар, телефон, газет байланыс құралдарына жатады. Әлемнің алысжақын елдерінен жеткізілетін жаңалық, хабарларды тарататын құралдар <b>ақпарат құралдары</b> деп аталады.  <b>Демонстрациялық материалмен жұмыс</b>  Балаларға компьютердің алдында көзі қызарып, шашы жалбырап, түсі бұзылып отырған бала суретін көрсетеді. Балаларға ескерту жасалып, компьютерде ұзақ отыру зиян екенін түсіндіреді. Ешқашан компьютер алдында 10–20 минуттан артық отырмандар!  1.Компьютер зиянды сәуле шығарады. Ол зиянды сәуле сендердің денсаулықтарыңның нашарлануына әкеліп соғады.  2.Үнемі компьютерге</p>	<p>керек.  Мысалы:  Балалар бақта жүгірді.  Атам шалғымен шөп шапты.  Анам сиыр сауды.  Ағаштың түбі – қалың қар.  Аю қыста ұйықтайды.  Малдар жайлауда жайылды.  Балалар доп ойнады.  Үсен мәшинені жуды.  <b>Дәптермен жұмыс</b>  1. Суреттерді қара. Әр сурет бойынша сөйлем құра. Сызбасын сыз.  2. С дыбысының орнын анықта. Сөздің басында болса – бірінші бөлікті, ортасында болса – екінші бөлікті, соңында болса – үшінші бөлікті көк түспен боя.  <b>2.Математика негіздері</b>  <b>Міндеттері:</b> Затты бірнеше тең бөлікке бөлуге үйрету, осы бөліктерді атауға,бүтін мен бөліктерді салыстыру; талдау, қарапайым тұжырымдар жасау; белгілі бір бағытта үзік сызықтармен сызуды</p>
---	--	--	--	--

екі-үш сөзден тұратын сөйлем құратып, сөйлемдегі сөздерді ретімен айтқызып үйрету

**«Кері әрекет» ойыны**

1. Асан кірді, анам ... *(шықты)*
2. Анам құйды, Марат ... *(төкті)*
3. Айгүл жинады, Айсұлу... *(шапты)*
4. Әкем келді, ағам... *(кетті)*
5. Атам ашты, әжем... *(жапты)*

**«Кім шапшаң сөйлем құрайды?»**

**дидактикалық ойыны**

Балаларға (көбелек, көлік, тарақ, кітап, қоян т.б.) суреттерді көрсетеді. Балалар суретке байланысты 2–3 сөзден тұратын сөйлем құрайды.

**«Сөз ойла» дидактикалық жаттығуы**

Балалар **-та** буынынан басталатын сөздер ойлайды. Мысалы: Тарақ, тамыз, тал, табыс, тап, тапқыр,

Орманмен Қоян қашқанда, Сәбізі түсіп қалады. Бара жатқан Қасқырға Түлкі тауып алады. «Жей салар ем мұны мен Ішіме бірақ жаға ма? Құттықтап туған күніңмен, Берейін Қасқыр ағам», – деп Түлкі сары сәбізді Қасқырға сәндеп ұсынды.

Ол суға оны ағызды, «Қайтем, – деп, – былғап тісімді». Судан Мысық тауып ап, Тастауға оны кимады. Түлкінің туған күнінде Сәбізді оған сыйлады.

«Қайтем – деп, – мұны», – таңданды, Мысыққа Түлкі шамданды.

Лақтырған Түлкі сәбізді, Қуаныш Қоян тауып алды.

Ертегі мазмұны бойынша әңгіме жүргізу:

1. Ертегі ұнады ма?
2. Ертегідегі кейіпкерлерін ата.
3. Қоян нені жоғалтты?
4. Сәбізді нелер тауып алады?

**Дәптермен жұмыс:**

сөйлем құра. Үзік сызықтарды бастыр. **«Әтеш»** сөзіне дыбыстық талдау жаса. «Әтеш» сөзінде 2 буын, 4 дыбыс бар. Ә – жіңішке дауысты дыбыс, қызыл түспен белгілейміз. Т – қатаң дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз, Е – жіңішке дауысты дыбыс, қызыл түспен белгілейміз. Ш – қатаң дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз.

**2. Математика негіздері**

**Міндеті:** Топтарда заттардың тең және тең емес санын анықтауға, санау және топтарды салыстыру негізінде сандық мәндерді дұрыс қорытындылау; талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасауға үйрету; 10-ға дейін санауды; заттарды белгілі бір ерекшелігіне қарай топтастыруды бекіту.

тесіліп қарап отырғандықтан, көздеріңнің көру қабілеті төмендейді. 3. Ұзақ уақыт компьютермен әуестену кішкентай балалардың компьютерге тәуелділігіне әкеп соқтыруы мүмкін.

**Дәптермен жұмыс**

Суреттерге қара.

Байланыс құралдарының жанындағы дөңгелекті жасыл түспен боя.

Сыңарын тап. Сызықпен қос.

Байланыс құралдарының қазіргі замандағы рөлімен таныстыруды жалғастыру арқылы байланыстырып сөйлеу дағдыларын жетілдіру.

**3. Көркем әдебиет**

<p>балалардан қандай ойындар қыста, жаздаойнағанды ұнатасындар соны мимика мен қимылдармен көрсетуін сұрады. Маусымдық ойындарды (шанамен сырғанау, шаңғы тебу, коньки тебу, жүзу және т.б.)ұсынылды.</p> <p><b>«Жыл бойы»</b> (доппен)</p> <p><b>дидактикалық ойыны</b></p> <p><b>Ойын шарты:</b> допты лақтырып, сұрақ қояды:Ақпан жыл ішінде нешінші ай?</p> <p>Жылдың соңғы айы қандай?</p> <p>Қазаннан кейінгі қандай ай?</p> <p>Жазайларын ата жәнет.б.</p> <p><b>3.Сауат ашу негіздері</b></p> <p><b>«Затты сипатта» ойыны</b></p> <p><b>Мақсаты:</b> заттарды көріп сипаттау арқылы балалардың сезімталдығын дамыту, қоршаған орта жайлы</p>	<p><i>тату ойнаймыз.</i></p> <p><i>Менің атым – Артем. Мен бес жастамын. Менің достарымның аттары – Арлан, Рома. Біз достарымызбен татумыз.</i></p> <p><b>Ойын: Кім не істейді?</b></p> <p>Ұшқыш ұшады. Ғарышкер ұшады. Дәрігер емдейді. Құрылысшы үй салады. Сатушы сатады. Балалар сөйлемдерді қайталайды.</p> <p><b>Дидактикалық ойын: «Жалғастыр»</b></p> <p>Ойынның шарты: ойынды бастаушы сөздің бірінші буынын айтады, басқа балалар жалғастырып, сөз құрайды. Сөйлем құрауға жаттықтыру үшін бірінші сөзі айтылады. Бұл ойынды екі топ болып ойнауға да болады.</p> <p><b>3.Көркем әдебиет Дидактикалық ойын: «Жануардың дауысын сал».</b></p> <p><i>Қасқырдың дауысын сал – у-у-у-у.</i></p> <p><i>Ешкінің дауысын сал – бе-е-е.</i></p> <p><i>Қойдың дауысын сал – мә-ә-ә.</i></p> <p><b>Интерактивті тақтамен жұмыс:«Қайсысы артық?» ойыны.</b></p> <p>Ойын шарты: Тақтаға әр мезгілдің киімдері ілінеді. Осылардың ішінен артық</p>	<p>не істейді?</p> <p>Мысалы:</p> <p>Ит күзетеді.</p> <p>Ит үреді.</p> <p>Ит ұйықтайды</p> <p>Ит су ішеді.</p> <p>Ит тістейді т.б.</p> <p>– Жылқы мөңіреді.</p> <p>– Жылқы мөңіремейді.</p> <p>– Жылқы не істейді?</p> <p>– Кісінейді, шабады, жайылады, секіреді, тістейді, тебеді, аунайды, жүреді, желеді, құлайды т.б.</p> <p><b>2. Математика негіздері Ойын жаттығуы «Қандай заттар көп, қандай заттар біреу екенін, қарап атандар» Ойын барысы:</b></p> <p>Балаларға айналасынан қандай заттардың көп екенін(орындықтар, үстелдер,қарындаштар, кітаптар...) және қандай заттардың бір-біреуден (есік, монитор және басқалары) екенін айтуды ұсынады.</p> <p><b>Ойын жаттығуы: «Ретімен орналастыр»</b></p> <p>Балаларға «Түрлі түсті Куйзенер санау</p>	<p>Зымыран, ұшақ, тікұшақ, дельтаплан, кеме.</p> <p>Түймедақ, раушан, қызғалдақ, бәйшешек, қайың.</p> <p>Арыстан, түлкі, қоян, аю, мысық.</p> <p>Білезік, сақина, моншақ, сырға, телефон.</p> <p><b>«Жалпы атауын ата» ойыны</b></p> <p>Сиыр, ешкі, қой, жылқы – ...</p> <p>Тау, ағаш, гүл, тас – ...</p> <p>Қазан, қасық, кесе, тәрелке – ...</p> <p>Қаймақ, ботқа, ірімшік, май – ...</p> <p><b>2. Қоршаған ортамен танысу</b></p> <p><b>Дидактикалық ойын: «Ойлан да аяқта»</b></p> <p>Мақсаты: Балалардың сөздік қорын байыту, сөйлеу барысында қолдануларын қалыптастыру.</p> <p>Тілдің грамматикасын дұрыс сақтауын қалыптастыру, сөйлеу іскерліктері мен сөздік қорын байыту.</p> <p>Шарты: Берілген сурет бойынша тәрбиеші сөздерді айтад, ал</p>	<p>сөйлемді құрап айтса, сол жеңімпаз болады.</p> <p><b>2.Математика негіздері Ойын жаттығуы «Қандай заттар көп, қандай заттар біреу екенін, қарап атандар» Ойын барысы:</b></p> <p>Балаларға айналасынан қандай заттардың көп екенін(орындықтар, үстелдер,қарындаштар, кітаптар...) және қандай заттардың бір-біреуден (есік, монитор және басқалары) екенін айтуды ұсынады.</p> <p><b>Ойын жаттығуы: «Ретімен орналастыр»</b></p> <p>Балаларға «Түрлі түсті Куйзенер санау таяқшалар» жиынтықтан таяқшалар таратады, оларды ұзындықтарының өсу ретімен орналастырады</p> <p><b>Топпен жұмыс</b></p> <p><b>3.Шығармашылық іс-әрекет</b></p> <p><b>Саусақ жаттығуы: Бес саусаққа бұйрық.</b></p> <p>Бас бармағым – батырым, бар ғой сенің ақылың.</p> <p>Сұқ саусағым батылым, барлық саусақ жақының!</p> <p>Ортан қолым – алыбым, ағасысың бәрінің!</p> <p>Аты жоқ қол – көкешім, қалай бөлек кетесің?</p> <p>Шынашағым – бөпешім, қашан сен ер жетесің?</p> <p>Барлығыңа бұйрығым:</p>
--	---	--	---	--




<p>танымдарын кеңейту, сөздік қорын дамыту. <b>Көрнекілік қажетті заттар:</b> ыдыс, муляж, сурет (көгөністер, жемістер). <b>Ойын барысы:</b> әртүрлі жемістер немесе көгөністер суреттері, муляждарды салынған ыдыстан бала бір затты алады. Сонан соң сол затты жан-жақты сипаттайды және заттың атын атап, буынға бөледі. <b>Ойын шарты:</b> бала ыдыстан алманы алып, пішінін, түсін, дәмін және т.б. қасиеттерін айтады. Немесе баланың көзін байлап қойып, қоржыннан бір затты алғызады. Ол оны сипалап, не екенін ажыратады да оны сипаттайды, атын айтады. <b>«Кім білгіш?» ойыны</b> Тақтадан дыбыстар айтылады, балалар</p>	<p>киімді табады. <b>Дидактикалық ойын: «Кім жылдам».</b> Ойын шарты: Мақалдың басын педагог айтады, балалар жалғастырады. Туған жерге туынды ... (тік). Батыр туса ел ырысы, жаңбыр жауса ... (жер ырысы).</p> <p><b>4.Музыка</b> <b>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:</b> «Мерекелік марш» (Б. Дәлденбай). <b>Музыка тыңдау:</b> «Балдырғандар маршы» (К. Қуатбаев). <b>Ән айту:</b> «Балдырғандар әні» (Г. Жотаева). <b>Билер:</b> «Еркебұлан» <b>Ойындар, хороводтар:</b> «Соқыртеке» (Е. Хасанғалиев).. Балалар бір-бірінің қолынан ұстап, шеңбер жасап тұрады, 3-4 бала шеңбердің сырт жағында тұрады. Ортада – «соқыртеке».Балалар шеңбермен айналып жүріп, әннің 1-шумағын айтады. 2-шумақты «соқыртеке» айтады. 2-шумақ басталғанда балалар бекіткен қолдарын жоғары көтереді, ал сыртта тұрған балалар ішке еніп, «соқыртекеге» ұсталып қалмас үшін жан-жаққа</p>	<p>таяқшалар» жиынтықтан таяқшалар таратады, оларды ұзындықтарының өсу ретімен орналастырады <b>Топпен жұмыс</b></p> <p><b>3. Қазақ тілі</b> <b>«Радио» ойыны</b> <b>Мақсаты:</b> балаларды байқампаздыққа баулу және сөздік қорларын толықтыру. <b>Мақсаты:</b> балаларды өз бетінше сөйлеу мәнері мен мәнерлеп айту іскерлігін қалыптастыру. Жай және күрделі сөйлемдерді қолдануға жаттықтыру. <b>Ойынның барысы:</b> біз бүгін «Радио» деп аталатын жаңа ойын ойнаймыз. Радиодан сөйлейтін адамды <i>диктор</i> дейді. Бүгін диктор радиодан біздің топтың балалары туралы айтады. Ол біздің ішіміздегі бір баланы сипаттайды, ал біз оның сөзінен ол баланы табуымыз керек. Алдымен мен диктор боламын. <b>•Тыңдаңыздар!</b> <i>Тыңдаңыздар! Балабақша ауласынан мына қызды кім көрді? Ол үстіне қызыл күртеше, қара</i></p>	<p>балалар аяқтайды. Қарға ұшады,ал ат ... (шабады) Ит үреді, ал қарға... (қарқылдайды) Жылан жорғалайды, ал балық... (жүзеді) Қасқыр ұлиды, ал қой... (маңырайды) <b>Қимыл-қозғалыс жаттығуларын орындау</b> Шымшық ұшып-қонады, (Бір орында тұрып қос аяқтап секіреміз). Бір орнында отыра алмас, (бір орында тұрып сол аяқпен секіреміз). Бір-екі, бір-екі, (Бір орында тұрып оң аяқпен секіреміз). Зуылдады тоқтамай. (Бір орында тұрып айналамыз) Міне, бір минутка отырды, (Отырамыз.) Тұмсығымен кеудесін қасыды, (Орнымыздан тұрып, басымызды оңға-солға иеміз). Ұшты, қонды, (Бір орында тұрып сол аяқпен секіреміз). Шыр-шыр, (Бір орында тұрып оң аяқпен секіреміз). Шыр-шыр! (Бір орында тұрып қос аяқтап секіреміз).</p> <p><b>3.Көркем әдебиет</b> <b>«Жыл</b></p>	<p>жиналмапты үй бүгін, Босқа ойнап жүрмендер, кәне, жұмыс істендер! Балалар шығармашылығы <b>Ойын жағдаяты.</b> Балалардың назарын ұнтаспадан шыққан құстардың сайраған даусына, өзеннің сарқырап аққан сылдырына, жәндіктердің ызындап шыққан дыбыстарына аудару. – Балалар, құлақ салыңдаршы, бұл ненің дыбысы? – Иә, бұл бізге келе жатқан көктем аруы сияқты. Көктем өзімен бірге бізді ормандағы алаңқайға саяхат жасауға шақыра келіпті. Балалардың назарын шағын орман макетіне аудару. Кәне, кім біледі, орманда нелер бар? (Жабайы аңдар, құстар.) – Балалар, тағы бір орман мекендеушілері бар. Ол орман мекендеушілерін жұмбақтың шешуін тапсаңдар ғана білетін боласыңдар. Жұмбақ жасыру. (Көбелек) Гүлдерге қонады, Шырынын сорады. Түр-түсі сары ала. Бұл не? (Ара) Балалардың жәндіктер туралы білімдерін мнемокесте сызбасы арқылы пысықтау. (Жәндіктердің түр-түсі,</p>
--	--	---	--	---



<p>текшені көтеру арқылы дауысты немесе дауыссыз дыбыс екенін ажыратады.</p> <p>- Дауысты дыбыстарға қызыл текше.</p> <p>- Дауыссыз дыбыстарға көк текше көтеру арқылы ажыратады.</p> <p><b>«Қандай дыбыс?» ойыны</b></p> <p><b>Дидактикалық міндеті:</b> дауысты және дауыссыз дыбыстырды айыру біліктілігін дамыту; дыбыстарды белгілер арқылы көрсетуді үйрету.</p> <p><b>Қажетті заттар:</b> дауысты және дауыссыз дыбыстардың карточкалары.</p> <p><b>Мазмұны:</b> түрлі дауысты және дауыссыз дыбыстарды айтады, ал балалар керекті карточкаларды көрсетеді. Ойынды қайталағанда дыбыстарды жабық</p>	<p>жүгіреді. "Соқыртеке" біреуді ұстап алуға тырысады. Егер ұстап алса, әннің 4-шумағын айтады, ойын қайталанғанда ұсталған бала "соқыртеке" болады. Егер де ұстай алмаса, әннің 2-шумағын айтып, қайтадан "соқыртеке" болып қалады.</p> <p><b>Музыкалық аспапта ойнау:</b> «Атқа мініп шабамыз» (В. Агафонников).</p>	<p><i>белдемше киген. Шашы ұзын. Бұрымында ақ бантик тағылған. Ол өлеңді жақсы айтады және Айгүлмен дос.</i></p> <p>Осылай тәрбиеші ойынды бастап, балаларға сипаттау үлгісін көрсетеді. Балалар өз топтарындағы қызды көрсетеді. «Ал енді сендердің араларыңнан біреу диктор болады», – дейді. Жаңа дикторды санамақ арқылы таңдап алады. Тәрбиеші ойын кезінде балалар өз жолдастарының мінез-құлқын, киімін дәл, дұрыс айтуын қадағалайды.</p> <p><b>«Артығын тап» ойыны</b></p> <p>Бас, қол, көз, қас, тас (тас).</p> <p>Алма, алмұрт, шие, бие (бие).</p> <p>Шахмат, хоккей, футбол, волейбол, бокс, фокус (фокус).</p> <p>Пияз, қияр, қызанақ, сәбіз, жүзім (жүзім).</p> <p>Балға, балта, ара, егеу, шеге, терезе. (терезе).</p> <p>Жаңылмай жылдам жауап берген балаларды мадақтау.</p> <p><b>4. Дене шынықтыру</b></p> <p><b>Батмингтон</b></p>	<p><b>мезгілдері</b></p> <p><b>ойыны</b></p> <p><b>Дидактикалық міндеті:</b> жыл мезгілдері және айлардың кезеңдігі туралы балалардың түсініктерін бекіту; айларды жыл мезгілдеріне сай салыстыру біліктерін бекіту.</p> <p><b>Қажетті заттар:</b> әр балада және тәрбиешіде төрт көрсеткіштен (ақ, жасыл, қызыл және сары парақтар, яғни қыс, көктем, жаз, күз мезгілдерінің түсін білдіретін парақтар болады.</p> <p><b>Мазмұны:</b> тәрбиеші жыл мезгілді атағанда, балалар сәйкес түспен көрсеткішті көрсетеді. Педагог көрсеткішті көрсетеді (мысалы, сары түспен), ал балалар күз мезгілінің айларын атайды.</p> <p><b>Не қалай дыбыстайды?» ойыны</b></p> <p>Ойын «Құстар» деген тақырып бойынша жүреді. Суреттерге қарап, қай құс қандай дыбыс шығаратынын айтып, олардың</p>	<p>көрегі, дене құрылысы, қозғалысы, көлемі туралы.) Жәндіктер туралы қызықты мәліметтер:</p> <p>Ешқашан ұйықтамайтын жәндікті білгілерің келсе, ол – құмырсқа. Көбелектер дәмді аяғының көмегімен сезеді екен. Мына қызықты естігендерің бар ма? Араның бес көзі бар. Қанқыз өзіне қауіп төнген жағдайда, аяқтарынан жағымсыз иісі бар сұйықтықты бөлу арқылы құтылады екен.</p> <p>Бүгін біз сендермен ормандағы алаңқайды жәндіктер мекеніне айналдырамыз.</p> <p>Жұмыстың жасалу жолы:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Балалардың назарын үлестірмелі материалдағы көгалға аудару.</li> <li>2. Сюжеттегі бейнелердің қандай пішіндерден дайындалғаны туралы талдау жұмысын жүргізу.</li> <li>3. Жәндіктердің дене бөліктерін үлгіден түрлі тәсілдерді қолдана отырып және ретімен қиып дайындап алу: Араның басын, денесін және қанаттарын шаршы және тіктөрбұрыштардың бұрыштарын қиып алу арқылы дөңгелек және сопақша пішіндерге келтіру; дене бөлігіне жолақшаларды жіңішке етіп үлгідегідей қиып</li> </ol>
---	--	---	---	--

<p>көздермен естуге болады.</p> <p><b>4. Дене шынықтыру</b></p> <p><b>«Киіз үй»</b> (татар халқының ойыны) 4 рет. Балалар төрт бұрышқа төрт дөңгелек болып қол ұстасып, төрт топқа бөлініп тұрады. Әр шеңбердің ортасында оюлы орамал жатады. Балалар қырындап, жанына қарай қозғалып жүріп айтады: Біз көңілді баламыз, Дөңгелене қаламыз. Алаңқайда жүгіріп, ойнап, Әсем әнге саламыз. Музыка әуенімен балалар жанына қарай қырындап басып, ортақ шеңберге тұрады. Әуен тоқтай қолғанда олар тез келіп, орамалды алып бастырынан асырып, шатыр сияқты етіп көтеріп жабады. Сонда киіз үйге ұқсап қалады. «Сек-секек» (татар халқының ойыны) ( 4 рет) Әртүрлі бағытта бір аяқпен секіру. Ойыншылар</p>			<p>Желбіршекпен жаттығулар орындау: Бір орында тұрып, желбіршекті бір қолынан екінші қолына лақтырып ауыстырады; бір орында тұрып, желбіршекті бір қолымен жоғары лақтырып, екінші қолымен ауада қағып алады. Ракеткамен жаттығулар орындау: ракетканы бір қолынан екінші қолына дұрыс ұстауды сақтап салады, қол білезігін ракеткасымен бірге айналдырады. Желбіршекті ракеткамен сызықтан асырып ату. Желбіршекті жоғары-алға бағыттап, траекториясын дұрыс мөлшерлеп, желбіршекті алдыдан ұру керектігіне назар аударту. Алаңқайдың бір шетіне қатар түзеп тұрады. 6 м, 8 м қашықтыққа сызықтан асырып ұруға тырысады. Желбіршекті қайта алып келу үшін барлық бала ұрып болған соң, Педагогтің белгісімен ғана барады. «Қалашық» 5 метр қашықтықтан фигураны соғып алу ұсынылады. Ұратын таяқшаны жер бауырлап, айнала ұшатындай етіп жеңіл лақтыру керектігіне назар аударту. «кұдық» «зеңбірек ұясы» Балалар белгіленген жерге «қалашыққа» қарап тұрады. Оң қолмен ұратын</p>	<p>қимылдарын келтіріп, музыкамен қимылдау. Мысалы, торғай шырылдайды (торғай секілді секеңдетіп, оның қимылын да салғызуға болады).</p> <p><b>4. Музыка</b></p> <p><b>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:</b> «Полька» (М. Красев).</p> <p><b>Музыка тыңдау:</b> «Қыз Жібек» операсынан үзінді (үнтаспа, Е. Брусиловский).</p> <p><b>Билер:</b> «Еркебұлан» («Билеп үйренейік» жинағынан). Биді әрі қарай жалғастырып, бірдей қимыл жасауға ұмтылдыру.</p> <p><b>Ойындар, хороводтар:</b> «Үйшік» (В. Витлин). Ойынды еске түсіріп, үйшікте тұратындар біртіндеп өз музыкалары естілгенде шығып, өздеріне тән қимылдарын жасайды.</p> <p><b>Музыкалық аспапта ойнау:</b> «Латыш полькасы» (М. Раухвергер).</p>	<p>алу; қатпарлап бүктеу арқылы үш дана көлемі үлгідегідей дөңгелектерді дайындау (тұмсығы, мұршалары үшін қажет). Көзін және аузын фломастермен салу. Көбелек: қанаттарын, дене бөлігін, қанатындағы әдемі бейнелерді үлгіден түрлі тәсілдер арқылы қиып алу; үлгіден көбелек қанатының бір бөлігі бейнеленген бейнені қиып алу және осы қанатты дәл ортасынан екіге бүктеп қиып алу; денесін үлгіден қиып алу; қанатындағы әдемі гүлдің бейнесін екі бөлікке қатпарлай отырып бастырып қиып алу. Қанқыз: қанатын, қанатындағы қара дақтарды және тұмсығын үлгіде көрсетілгендей қиып дайындау; қанатын тіктөртбұрыш пішінің бұрыштарын ұқыптап қия отырып сопақша пішінге келтіріп қиып дайындау және екіге бүктеп, дәл ортасынан симметриялы кесінді арқылы екі бөлікке бөлу; қанаттарындағы қара дақтарын қағазды қатпарлап бүктеу арқылы дөңгелете отырып қиып алу; тұмсығын тіктөртбұрыш пішінің бұрыштарын қиып сопақша пішінге келтіріп дайындау. Дайын болған жәндіктердің</p>
---	--	--	---	--	---

	<p>дөңгелете қойылған құрсауларға орналасады. Жүргізуші ортада тұрады. Жүргізуші «Сек-секек» дегенде, ойыншылар бір аяқпен секіріп, тез орындарын ауыстырады. Жүргізуші де олармен бірге бір аяқпен секіріп орын табуға тырысады. «Тастар» (орыс халқының ойыны) 10 рет. Өкшеге басып отырған күйден «тастарды» лақтырып, қайта қағып алу – алақанды ауыстыру. Өкшеге басып отырған күйден «тастарды» алақанын жазып лақтырып, қағып алады. Келесі лақтырғанда алақанын аударды. «Қасқырға қақпан» (қазақ халқының ойыны) 4 рет. Ойыншылар екі топқа бөлінеді. Бір топ қасқырға қойылған қақпан құрып, дөңгелене қол ұстасып тұрады. Ал екінші топ еңбектеп, қақпанның астынан кіріп-</p>		<p>таяқшаны лақтырғанда сол аяғын ілгері, ал оң аяғын бір қадам артқа қояды. Бастапқы қалыпқа келген соң, ойыншы бар салмағын оң аяғына түсіріп, таяқшаны айналдыра сермеп ілгері ұмтылады. Сермеу барысында салмағы сол аяғына түседі</p>  <p>де, денесі солға бұрылады.</p>		<p>дене бөліктерін көгалға қағаз бетіндегі бейнелерге сәйкестендіре отырып желімді ұқыптап жаға отырып орналастыру. Еңбек қауіпсіздігі және жеке гигиена ережелерін сақтау туралы еске салу. <b>«Көбелектер»</b> көзге арналған ойын жаттығуы.</p> <p><b>4.Дене шынықтыру</b>  <b>«Баскетбол»</b> – допты еденге оң қол, сол қолды алмастырып соғу. (4 рет)  Нұсқау – допты шапалақтамай, саусақтарын жазып, ақырын ғана алақанмен үстінен басып барып жерге ұру. Негізгі қимыл-қозғалыстарды топтарға бөлініп орындайды: допты еденге оң қол, сол қолды алмастырып соғады. Допты шапалақтамай, саусақтарын жазып, ақырын ғана алақанмен үстінен басып барып жерге ұруға тырысады. Допты тізесіне қысып алып, <b>секіріп</b>, 3 метр қашықтыққа ілгерілеу. Екі аяқпен бір мезетте шапшаң итеріліп, қолдарын сермеп көмектесуге назар аудару. Жаттығу кезінде секіру мен астынан өтуді алмастырып тізбекпен орындайды: Допты тізесіне қысып алып, 3 метр қашықтыққа секіріп барады. Қолына доп ұстап түрлі тәсілдермен керілген арқанның <b>астынан өту</b> – өту</p>
--	---	--	--	--	--

	<p>шығып аралап жүреді. «Кәне, кәне, халайық, Қасқырға қақпан құрайық. Кәне, қақпан берік бол, Қасқыр, қасқыр, келіп көр!» – дегенде, бірінші топ қолдарын төмен баса қалады. Қақпан жабылды. Қақпанда қалып қойған қасқырлар ойыннан шығады. Сосын командалар орындарын ауыстырып ойын жалғаса береді.</p>				<p>тәсіліне байланысты аяқ-қолдарын жинап жұмырлану. <b>(4 рет)</b> Секіруді орындаған соң, қолына доп ұстап түрлі тәсілдермен керілген арқанның астынан өтеді. Өту тәсіліне байланысты аяқ-қолдарын жинап жұмырланады. Арқанды басымен де, доппен де іліп кетпеуге тырысады. Арқаннан өткен соң жүгіріп барып құрсаудан айналып өтіп, орындарына қайта тұра қалады. <b>Қимыл-қозғалыс ойыны: «Күн мен түн»</b> (Әзірбайжан халқының ойыны) (4 рет) Бір-бірінен белгілі бір қашықтықта екі сызық сызылады. Бір сызыққа ұлдар, екінші сызыққа қыздар тұрады. Жүргізуші орталарына тұрады. Ұлдар тобы – «түн», ал қыздар тобы – «күн». Жүргізуші белгісімен ойын басталады: «Түн!» дегенде, қыздар ұлдарды ұстап алуға, «Күн!» дегенде, ұлдар қыздарды ұстап алуға тарасады. Ұсталғандар қарсыластарының командасына көшеді.</p>
<p>Балалардың үйге қайтуы</p>	<p>Ата-аналарға балалардың жетістіктерін айту Сақтық шаралары Жолда жүру ережелері Жолда жүгірме,</p>	<p>Ата-аналарға балалардың жетістіктерін айту, ертегі немесе әңгіме айтуға кеңес беру</p>	<p>Ата-аналарға балалардың жетістіктерін айту, ертегі немесе әңгіме айтуға кеңес беру Этика – эстетика, мәдениет, жеке бас</p>	<p>Ата-аналарға балалардың жетістіктерін айту, ертегі немесе әңгіме айтуға кеңес беру</p>	<p>Жолда жүгірме, бөгелме, бөгде адамдармен сөйлеспе!</p>

	бөгелме,бөгде адамдармен сөйлеспе!		гигиенасы, Жолда жүру ережелері туралы ескертулерді күнделікті ескерту		
--	--	--	---	--	--

## Тәрбиелеу- білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы

Сынып: мектепалды даярлық

Балалардың жасы: 5 жас

Жоспардың кезеңі : 22.05-26.05 2023ж

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау 8 <sup>30</sup>					
Ата –аналармен әңгімелесу кеңес беру,балаларды жан-жақты қарап қабылдап алу,дене қызуын бақылау,ата-анасынан түнгі ұйқысы қалай болғандығын сұрау,күнделікті мектепке әкеліп,алып кетулерін қадағалау. Мәдени-гигиеналық әрекеттер мен дағдылар,ұйымдастыру шаралары ,балалардың қызығушылығына,көңіл күйіне назар аудару Балалардың дербес әрекеті (баяу кимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)8 <sup>40</sup> -8 <sup>50</sup>					
Таңғы жаттығу 8 <sup>50</sup> -8 <sup>55</sup> Гимнастика №1					
Балалармен ойындар ҮІӨ дайындық	1.Сөйлеуді дамыту 2. Математика негіздері 3. Сауат ашу негіздері 4. Дене шынықтыру	1. Қоршаған ортамен танысу 2. Қазақ тілі 3. Көркем әдебиет 4. Музыка	1. Сауат ашу негіздері 2. Математика негіздері 3. Қазақ тілі 4. Дене шынықтыру	1. Сөйлеуді дамыту 2. Қоршаған ортамен танысу 3. Көркем әдебиет 4. Музыка	1.Сауат ашу негіздері 2. Математика негіздері 3.Шығармашылық іс-әрекет 4.Дене шынықтыру
Ұйымдастырылған іс-әрекет	<b>1.Сөйлеуді дамыту «Сипаттамасы бойынша таны»</b> Ойынның мақсаты: Ұзын-қысқа, кең-тар, биік-аласа ұғымдарын бекіту. Ойынның құрал-жабдықтары: жануарлардың, құстардың ойыншығы. Ойынның мазмұны: балалар аю, түлкі, қасқыр, қоянның ойыншықтарын қарастырады. Әр ойыншықты анықтап атын атайды. Ойнаушылардың біреуі бөлмеден шығып кетеді,басқа ойнаушылар ойыншық туралы жұмбақ құрастырады.Ертегі:	<b>1.Қоршаған ортамен танысу</b> Ормандағы тіршілік тізбегі, орман тұрғындарының бір-біріне тағамдық тәуелділігі жайлы әңгімелеу «Табиғатта барлық зат бір-біріне тығыз байланысты және жануарлар мен өсімдіктер санының арасында тепе-теңдік бар. Жер бетінде көптеген өсімдіктер, бұталар мен ағаштар өседі. Оларды шөпқоректі жануарлар, мысалы қояндар жейді. Ал қояндарды жыртқыш	<b>1.Сауат ашу негіздері «Қарама-қарсы сөздер» ойыны</b> <b>Мақсаты:</b> антоним сөздерді салыстыру жолымен балалардың ой-өрісін кеңейту, ойлау қабілетін дамыту, сөздік қорын қарама-қарсы сөздермен молайту, зейінділігін арттыру. <b>Көрнекілігі:</b> доп, карточкалар. <b>Ойын шарты:</b> тәрбиеші шеңбер бойымен тұрған балаларға кезекпен допты лақтырып, қандай да бір сөзді айтады, ал допты ұстап алған бала педагогке кері лақтырып, айтылған	<b>1.Сөйлеуді дамыту «Сөйлемді толықтыр» ойыны</b> <b>Дидактикалық міндеті:</b> балаларды жай және күрделі сөйлемдер құрауға үйрету. <b>Мазмұны.</b> тәрбиеші сөйлемді бастайды, ал балалар жалғастырады, мысалы: <i>Асхат таңертең ...</i> <b>«Сықырлы текше» ойыны</b> <b>Мақсаты:</b> текшедегі аңдардың дауысын келтіріп, тембырын өзгерту мүмкіндігінше жоғару көтеру. <b>Ойын шарты:</b> көңілді	<b>1.Сауат ашу негіздері «Дыбыстар қайда орналасқан» ойыны</b> <b>Ойынмақсаты:</b> дауысты дыбыстарды ажырата білуге үйрету. <b>Ойын шарты:</b> үш сандықша жасалынады. Бірінші сандықшада дауысты дыбыс басында, екінші дауысты дыбыс ортасында, үшінші дауысты дыбыс соңында көрсетілген. Балаларға жазылған сөздер үлестіріліп береді. Дауысты дыбыстар сөздің қай жерінде кездеседі сол

<p>Түлкі мен қоян. Әуелде түлкінің құйрығы жоқ еді. Қасқырмен тату тұрмаған соң үнемі қашып жүреді екен. Жүрген ізін жасыра алмай қиналыпты. Сол үшін Қасқыр Түлкінің артына еріп, андып жүріп, оның ініне түсіпті. Түлкі інінің екінші тесігінен шығып кетіпті. Шығып кетпесе, Қасқыр Түлкіні өлтіріп тастар</p>	<p>аң-қасқырлар жейді». Төмендегі тапсырмаларды орындауды ұсыну «Өсімдіктер бейнеленген барлық карточкаларды таңдап алып, оларды тақтаға орналастыр» «Осы өсімдіктермен қоректенетін жануарларды тауып, оларды тақтаға орналастырыңдар» «Тақтада өсімдіктерден төмен орналасқандарды жейтін жануарларды табыңдар». «Тақтаға ұсақ аңдар мен құстарды аулап жейтін жыртқыштардың суреттерін орналастырыңдар». Тәрбиеші жекелеген аңдар үшін шағын «қоректену тізбегін» құрауға болатынын айтады (үлгілеркөрсетеді). Гүл – көбелек – сары шымшық – жапалақ; Емен, жаңғағы – тышқандар – түлкі. Балалар мынадай тұжырым жасайды: өсімдіктер жәндіктер мен ұсақ жануарларды «қоректендіреді», ал жәндіктер мен ұсақ жануарлар ірі жануарларды «тамақтандырады». Ал</p>	<p>сөзге қарама-қарсы сөзді айту керек. <b>Мысалы:</b> үлкен – кішкентай», биік – аласа т.б. <b>«Бағдаршам» ойыны</b> Тәрбиешінің қолында үш түсті – жасыл, сары, қызыл дөңгелектер (диаметрі – 10 см) болады. Жасыл түсті көтергенде, балаларға сөйлеп, жүгіріп, шулауға болады. Сары түсті көтергенде, бір-бірімен сыбырласып сөйлеседі, ал қызыл түсті көтергенде, қозғалмай, сөйлемей отырулары керек. <b>«Сөз ойла, тез ойла» ойыны</b> <b>Мақсаты:</b> берілген дыбысқа сөз ойлап, сөздегі дауысты, дауыссыз дыбыстарды ажырата білу. Сөздік жұмыс жүргізу арқылы баланың сөздік қорын молайту. Ойын арқылы балаларды тапқырлыққа баулу. <b>Көрнекі қажетті заттар:</b> дыбыстар (суреттермен) қалтасы, текшелер салынған сандық, текшелер (дыбыстардың дауысты,</p>	<p>әуен ойналады. Педагог және балалар шеңберге тұрады. Қай баланың қолында текше қалып қойса, сол бала текшені ортаға лақтырады. Текшеде қандай сурет екенін балалардан сұрайды. Балалар жауап береді. Егер текшеде мысықтың суреті болса, педагог ол балаға мысықтың қалай амандасатын көрсетуін сұрайды. <b>«Қамшы» ойыны</b> <b>Ойын шарты:</b> балалар шеңбер жасап тұрады, ортаға бір ойыншы шығады, қолында қамшы, музыка сүйемелдеуімен шеңбердің ішінде секіріп жүгіреді, музыка тоқтаған кезде ортадағы ойыншы тоқтап қамшыны екі баланың ортасына қояды, екі бала екі жаққа жүгіріп тез келіп қамшыны алулары керек. Жылдам келіп, қамшыны алады да, сол бала ойынды жалғастырады. <b>«Ойлан да аяқта» ойыны.</b> <b>Мақсаты:</b> дұрыс</p>	<p>сөзді сандықшаларға салады. <b>«Сикырлы сандық» ойыны</b> <b>Мақсаты:</b> дыбыстарды анық, асықпай, дұрыс айта білуге үйрету. Сөздерде дыбыстың дұрыс айтылуына назар аударту. <b>Ойын барысы:</b> педагог әдемі сикырлы сандықтан неше түрлі ойыншықтарды шығарады (бота, құлыншақ, аю, мысық, мәшине). Балалар ойыншықтар арқылы сөйлемдер құрап береді. <b>«Сөзді керісінше ата» сөздік ойыны</b> <b>Мақсаты:</b> балаларды қарсы мағынадағы сөздерді таба білуге үйрету; көлем, кеңістіктегі арақатынас туралы білімдерін бекіту. <b>Мазмұны:</b> педагог көлемді, кеңістіктегі бағытты немесе сандық қатынасты анықтайтын сөзді атап, допты бір балаға лақтырады. Бала осы сөзге қарсы мәндес сөзді атап, допты қайтадан педагогке лақтырады (үлкен – кішкентай, кең – тар, ұзын – қысқа, биік – аласа, қалың – жұқа, сол жақта – оң жақта, жоғары – төмен.</p>
---	---	--	--	---

<p>еді.Түлкі орманда келе жатып, ағаш түбінде отырған Қоянды көреді. Ол мезгілде Қояндардың құйрығы ұзын, жүгірулеріне кедергі келтіреді екен. Сол жерде Қоян өзін ұстап алған Түлкіге: «Мені өлтірме, құйрығымды сыйға берейін», – деп жалыныпты. Міне, содан бері Түлкінің құйрығы</p>	<p>олар жыртқыштардың жеміне айналады. Ормандағылардың бәрінің тамағы тоқ па? Ал өсімдіктер ше? Осы жерде балалар өсімдіктердің өсуі үшін қажет заттарды еске түсіреді. Тақтаға күн, су мен ауаның үлгілерін жапсырады. <b>«Кім адасты?» ойынын ойнайды.</b> Ойын шарты: Балаларға бірнеше нысанды атап көрсетеді. Оның біреуі қалғандарымен бір топқа жіктеуге келмейді. Ойынға кірісіп, кімнің адасып кеткенін табады. Мысалы:Сиыр, маймыл, ит, тасбақа, кенгуру Тасбақа. Қалған жануарлардың бәрі – сүтқоректілер, ал, тасбақа олай емес. Немесе кенгуру. Оның қалтасы бар, басқаларда қалта жоқ. <b>Қимыл-қозғалыс жаттығуларын орындау</b> Шымшық ұшып-қонады, (<i>Бір орында тұрып қос аяқтап секіреміз</i>). Бір орнында отыра алмас, (<i>бір орында тұрып сол аяқпен секіреміз</i>). Бір-екі, бір-екі, (<i>Бір орында тұрып оң</i></p>	<p>дауыссыз екендігін білдіретін ерекше белгісі бар). <b>Ойын барысы:</b> тәрбиеші дыбыс қалтасынан кез келген бір дыбысты айтады. Балалар сол дыбыстан басталатын сөздерді айтады. Сандыққа бірнеше текше салып қояды. Бала өз қолымен біреуін алып, сол дыбыстан басталатын заттарды айтады. <b>Мысалы:</b> А – болса: <b>Балалар:</b> Ай, алма, алмұрт, асқабақ т.б.</p> <p><b>2. Математика негіздері</b> <b>«Қарама-қарсы бағдарды ата» дидактикалық ойыны</b> Тәрбиеші ұйымдастырады. Тәрбиеші кеңістіктік бағдарларды атайды, ал белгі (доп, көрсеткіш, фишкажәне т.с.с.) алған бала мағынасы бойыншақарама- қарсыбағдарды атайды. Мысалы, оң жақ – сол жақ,жоғары – төмен және т.б. Балаларға мағынасы бойынша қарама-қарсы сөздерді айтады.</p>	<p>ауызекі сөйлеу дағдыларын қалыптастыру. Ат шабады, ал қарға ... (ұшады) Ит үреді, ал қарға ... (қарқылдайды) Жылан жорғалайды, ал балық ... (жүзеді) Қасқыр ұлиды, ал қой ... (маңырайды) Түйе боздайды, ал жылқы ... (кісінейді) Лимон қышқыл, ал қант ... (тәтті) Өзен арықтан терең, ал арық ... (саяз) Егер үстел орындықтан биік болса, онда орындық... (үстелден аласа) Сен аяғыңмен жүресің, ал затты ұстағанда немен ұстайсың... (қолыңмен) Егер Самал үйден Айманнан бұрын шықса, ал Айман ... (кейін) <b>«Мамандықты ата» ойыны</b> Асты кім пісіреді?</p>	<p><b>2.Математика негіздері</b> <b>Ойын жаттығуы:</b> «Фигураларды орналастыр» Тәрбиеші ойын жағдайын жалғастырады, зұлым сикыршы фигуралар салынған қораптарда толық тәртіпсіздік жасағанын хабарлайды. Қорапта әртүрлі пішіндегіжәне түрлі түсті фигуралардың аралас макеттері жатыр. - Фигуралар риза болу үшін, заттарды қалай қою керек екенін ойланыңыздар. Фигуралар балаларға алғысын білдіріп жатыр: енді оларды орындарына орналастыруға болады. Фигураларды тағы қалай орналастыруғаболады? Балалар фигураларды пішініне немесе түсіне қарай бөлуге болады деген қорытындыға келуі керек. Үстелдердеәрқайсысында екі өлшемді және екі түсті текшелер бар. Текшелерді қарайды, тексереді, пішін белгілері (немесе түсі) бойыншабөледі. <b>3- тапсырма.</b> Бәліштерді көрсетілген пішінгесәйкес келетін тағам түрлерімен безендіруге ұсынады. Оларды жапсырады.</p>
--	--	--	---	--




	<p>ұзын, ал Қоянның құйрығы қысқа болып қалыпты.</p> <p><b>«Керісінше айт»</b> Ойынның мақсаты: Антоним сөздерді дұрыс айтуға үйрету. Ойынның құрал-жабдықтары: <b>доп</b></p> <p>Ойынның мазмұны: Тәрбиеші балаларды шеңберге тұрғызады да допты лақтырып кез келген сөзді айтады. Балалар сол сөзге керісінше сөзді айтады. Мысалы: ақырын-жылдам, суық-ыстық...</p> <p><b>«Бір сөзбен айт»</b> Ойынның мақсаты: Заттарды танып бір сөзбен айтуға үйрету. Ойынның құрал-жабдықтары: Ыдыстардың, ойыншықтардың, жануарлардың суреттері. Ойынның мазмұны: Балаларға әртүрлі суреттер беріледі, сол суреттің ішінен бірдей заттарды тауып бір сөзбен атайды мысалы: ыдыстар, ойыншықтар, жануарлар.</p> <p><b>2. Математика негіздері</b> <b>1-тапсырма.</b> Топтар хормен тура және кері</p>	<p><i>аяқпен секіреміз).</i> Зуылдады тоқтамай. <i>(Бір орында тұрып айналамыз)</i> Міне, бір минутқа отырды, <i>(Отырамыз.)</i></p> <p>Тұмсығымен кеудесін қасыды, <i>(Орнымыздан тұрып, басымызды оңға-солға иеміз).</i> Ұшты, қонды, <i>(Бір орында тұрып сол аяқпен секіреміз).</i> Шыр-шыр, <i>(Бір орында тұрып оң аяқпен секіреміз).</i></p> <p>Шыр-шыр! <i>(Бір орында тұрып қос аяқтап секіреміз).</i></p> <p><b>2. Қазақ тілі</b> <b>Дидактикалық ойын:</b> «Төлдерің ата және көрсет» Балалар үй жануарларын атап, ойыншықтарды көрсетеді, төлдерін атайды және көрсетеді. Балалар әр дұрыс жауап үшін фишкадан алады, соңында фишкалар саналып, жеңімпаз анықталады.</p> <p><b>Дидактикалық ойын:</b> <b>«Біздің көңіл - күйіміз»</b> Мақсаты: балаларды суреттегі бет-әлпет бойынша ым мен мимикаға байланысты көңіл күйді ажырата білуге үйрету. Көңіл күйді білдіретін сөздерді дұрыс айтқызу. Шарты: бет-әлпеттің</p>	<p><b>Топтық жұмыс. «Не өзгерді?» ойыны</b> Тәрбиеші үстелінде бірнеше зат жатыр. Балалар бір-біріне қатысты заттардың қалай орналасқанын есте сақтайды. Содан кейін олар көзін жұмады, осы кезде тәрбиеші бір немесе екі затты орындарын ауыстырады. Балалар көзін ашып, қандай өзгерістер болғанын, заттар бұрын қайда тұрғанын және қазіргі тұрған жерін айтады.</p> <p><b>3. Қазақ тілі</b> <b>Дидактикалық ойын:</b> «Төлдерің ата және көрсет» Балалар үй жануарларын атап, ойыншықтарды көрсетеді, төлдерін атайды және көрсетеді. Балалар әр дұрыс жауап үшін фишкадан алады, соңында фишкалар саналып, жеңімпаз анықталады.</p> <p><b>Дидактикалық ойын:</b></p>	<p>Өлеңді кім жазады? Суретті кім салады? Ауланы кім сыпырады? Хатты кім таратады? <b>«Төлін айт» ойыны</b> Аюда – ... (қонжық) Түлкіде – ... (мыршай) Қасқырда – ... (бөлтірік) Қоянда – ... (көжек) Итте – ... (күшік)</p> <p><b>2. Қоршаған ортамен танысу</b> <b>«Жануарлар несімен ерекшеленеді?» атты дидактикалық ойыны.</b> Тәрбиеші жануарлардың өздеріне тән белгілерін (айырмашылықта рын) атайды. Балалар соған қарап, оның қандай жануар екенін табады. Көлеміне қарай: Өте ұсақ: жәндіктер Орташалар: қалтауыз, тышқан,</p>	<p>Балалар тапсырманы талқылайды, тәтті нанның пішінін анықтайды: төртбұрыш пен шеңбер, пішіні бірдей заттарды табады, жапсырады.</p> <p><b>4- тапсырманы өз бетінше орындауды ұсынады.</b> Фигуралардың орындары ауысқан. Фигуралар қозғалғаннан кейін қай жерде болатынын анықтайды. Сол торкөзді бояйды.</p> <p><b>«Сикырлы қапшық»</b> Ойынның мақсаты: заттарды белгілі бір қасиеттері бойынша салыстыруға, топтастыруға үйрету. Ойынның құрал-жабдықтары: түсі, өлшемі, пішіні бойынша әр түрлі ойыншықтар. Ойынның мазмұны: Балалар «Сикырлы қапшықтың» ішіндегі затты ұстап көріп, пішінін анықтайды, ойыншықты алған соң атын атап, түсін айтады.</p> <p><b>«Үйдің есігін жабайық»</b> Ойынның мақсаты: заттарды өлшемі бойынша салыстыруға, жуан және жіңішке заттарды ажыратуға жаттықтыру. Ойлау қабілетін дамыту.</p>
--	--	---	---	---	--

санайды. Бір санды аттап санайды. Балалар дауыстап тура және кері санайды, топтар бір саннан аттап санайды.

### 2-тапсырма.

Тақтадағы нүктелері бар жұпты – шаршылар карточкаларын қараңдар.




Карточкаларды қарайды жұптасу жолын анықтайды, соңғы карточканы толықтырады.

Айырмашылығы неде? Соңғы карточканы толықтыр.

Балалар карточкаларды қарайды, жұптастыру принципін анықтайды, соңғы суретті салады: біріншісінде - бір нүкте, екіншісінде - 6 нүкте

### 3-тапсырма.

Суретті қараңдар. Неше пішін? Оларды атаңдар.



Пішіндерді қарайды, шаршы екенін анықтап, санайды.

### 4-тапсырма.

Суретке қарап есептер құрастырып, мысалдар

мимикасына қарап, көңіл күйді білдіретін сөздерді бөліп айтады. Сөйлем құрайды, әр түрлі көңіл күйді білдіретін сәттерді салу.

Күліп тұрған бала  
Ренжіп тұрған бала  
Аузын ашып тұрған бала  
Аузын томпайтып тұрған бала т.б суреттер

Ойынның мақсаты: Антоним сөздерді дұрыс айтуға үйрету. Ойынның құрал-жабдықтары: **доп** Ойынның мазмұны: Тәрбиеші балаларды шеңберге тұрғызады да допты лақтырып кез келген сөзді айтады. Балалар сол сөзге керісінше сөзді айтады. Мысалы: ақырын-жылдам, суық-ыстық...

### 3. Көркем әдебиет

9 Мамыр – Жеңіс күні!  
(Слайд көрсету, әңгімелеу.)

Біздің батыр ағаларымыз бен апаларымыз елімізді, жерімізді жаудан қорғап қалды. Ұлы Отан соғысы батырларының суреттерін көрсету.

– Ұлы Отан соғысына қатысқан батыр аға-апаларымызды атайықшы.

### «Біздің көңіл - күйіміз»

Мақсаты: балаларды суреттегі бет-әлпет бойынша ым мен мимикаға байланысты көңіл күйді ажырата білуге үйрету.

Көңіл күйді білдіретін сөздерді дұрыс айтқызу.

Шарты: бет-әлпеттің мимикасына қарап, көңіл күйді білдіретін сөздерді бөліп айтады.

Сөйлем құрайды, әр түрлі көңіл күйді білдіретін сәттерді салу.

Күліп тұрған бала  
Ренжіп тұрған бала  
Аузын ашып тұрған бала

Аузын томпайтып тұрған бала т.б суреттер  
**Дидактикалық ойын «Керісінше айт»**  
Ойынның мақсаты: Антоним сөздерді дұрыс айтуға үйрету.

Ойынның құрал-жабдықтары: **доп**  
Ойынның мазмұны: Тәрбиеші балаларды шеңберге тұрғызады да допты лақтырып кез келген сөзді айтады. Балалар сол сөзге керісінше сөзді айтады. Мысалы: ақырын-жылдам, суық-ыстық...

### 4. Дене шынықтыру «Доп ұру»

көрттышқан.

Ірілері: кит, піл.

Ұзын: жылан,

кесіртке,

қолтырауындар.

Шар тәріздестер:

кірпі. Бояуына

қарай: Қара:

қарға, ұзақ,

бүркіт. Ақ: қоян

(қыста), ақ аю, ақ

түлкі. Сұр:

қасқыр, қоян

(жазда), қабылан.

Мекендейтін

жеріне қарай:

Суда: балық,

шаян. Жердің

астында: құрттар,

көрттышқан.

Орманда: қоян,

тиін, аю.

«ЖАҚСЫ –

ЖАМАН»

**дидактикалық**

**ойынын**

**ұйымдастыру.**

Мақсаттары:

Балалардың

табиғатта өзін-өзі

ұстау тәртібі

туралы білімін

нығайту. Тәрбиеші

балаларға табиғат

Ойынның құрал-жабдықтары: үйдің, есіктің суреттері.

Ойынның мазмұны: қағаздан қиылған, есігі жоқ үйдің суретін балаларға тарату. Жуан және жіңішке есіктерді үйдің өлшеміне сай келтіріп салуды ұсыну.

### 3. Шығармашылық іс-әрекет

Балалар, шаттық шеңберінде бір-бірімізге өзіміздің жылы, жақсы сөздерімізді шын көңілмен, мейіріммен жеткізейік.

«Түстері бойынша жыл мезгілдерін ажырат» ойыны.

Сендердің алдарында түрлі түсті жолақтар жатыр. Сол жолақтар арқылы жыл мезгілдерін ажыратып, қай түстің қай жыл мезгіліне сәйкес келетіндігі туралы айтып беріңдер.

Жаз мезгілін қандай түс білдіреді?


Күз мезгілін қандай түс білдіреді?

Қыс мезгілін қандай түс білдіреді?

Көктем мезгілін қандай түс білдіреді?

Міне, балалар, осы төрт мезгілдің ішінде жаз мезгілінде адамдар жайлауға көшеді.

Балалар, жайлауда

<p>жазындар. <b>5-тапсырма.</b> Ұзындығы бойынша салыстырындар.</p>  <p><b>3.Сауат ашу негіздері «Кері әрекетті айт» ойыны</b> Асан кірді, анам ... (шықты) Анам құйды, Марат ... (төкті) Айгүл жинады, Айсұлу ... (шашты) Әкем келді, ағам ... (кетті) Атам ашты, әжем ... (жапты) <b>«Бөлшектеріне н тап» ойыны</b> Көз, ауыз, желбезек – ... (балық) Бас, қанат, аяқ – ... (күс) Құлақ, көз, жал – ... (жылқы) Бас, мүйіз, сақал – ... (ешкі)</p>	<p>(Бауыржан Момышұлы, Әлия Молдағұлова, Мәншүк Мәметова, Рахымжан Қошқарбаев т.б.) Жеңіс күні мәңгілік алауға гүл шоқтарын қойып, соғыс ардагерлеріне құрмет көрсетіледі. – Біз бүгін ақын Қайрат Жұмағалиевтің «Жеңіс күні» өлеңімен танысамыз. Ойлап-ойлап тұрдым, мен үшін екі Сауал бердім білгенімнен бұрын. Қуанышты мерекесі біз үшін. Жеңіс күні қай күні? Атамнан да сұрадым. Әкемнен де сұрадым. Ағамнан да сұрадым. Тосты бәрі құлағын, Дұрыс десті,-сұрағын Бейбіт күннің бәрі де Жеңіс күні,шырағым!</p> <p><b>4.Музыка</b> Балалар интерактивті тақтадан Жеңіс күні туралы көріністер көріп, еліміздің батырлары туралы мәлімет алады. Жауды жеңген батыр ағаларымызды мақтан тұтып, болашақ Отан қорғайтын азамат болуға ұмтылады. <b>Музыка тыңдау:</b> «Ел қорғауға әзірміз» (К. Қуатбаев). Музыка тыңдап, қандай</p>	<p>Бірінші топ ойыншылары бір-бірінің артынан бір сызық бойымен тұрады. Ойыншылардың арасында шамамен екі адым қашықтық болуы керек. Екінші топ та дәл осындай параллельді сызық бойымен тұрады. Ойыншылардың арасында шамамен екі адым қашықтық болуы керек. Бірінші топтың ойыншыларының Мақсаты – доптарды сәл алдыға және жоғары лақтыру. Ал екінші топтың Мақсаты – кезекпен барлық «нысандарды» атып түсіру. Содан кейін керісінше ойналады. <b>«Үшінші артық»</b> Ойынға қатысушылар санамақ арқылы, әйтпесе, жеребе тастау жолымен жұптарға бөлініп, содан кейін екі-екіден, бірінің сыртына бірі</p>	<p>аясындағы мінез-құлықтың сызбалық ережелерін көрсетеді. Балалар суреттерге қарап, онда не бейнеленгенін жан-жақты баяндап береді. Нені істеуге болатынын, нені істеуге болмайтынын анықтайды. Себебін айтады. Қозғалыс жасап, олардың қозғалысын суреттейді.</p> <p>Орманға ата-аналарымызбен баруға бола ма? Тауға, далаға жалғыз шығып кетуге бола ма? Ата-анаңнан қашып, көрші көгалға кетіп қалуға бола ма? Ылғи ата-анаңмен бірге бол! <b>3.Көркем әдебиет</b> – Көктемнен кейін қандай жыл мезгілі келеді? – Жаз мезгілінде қандай өзгерістер болады? – Жаз мезгілі несімен ұнайды? – Жаз мезгілінің бірінші күні, бірінші мерекесі – «Балаларды қорғау күні». – Балалар, сендер болашақта елімізді,</p>	<p>болғандарың бар ма? Жайлаудағы адам қандай үйде тұрады? Балаларға жайлау бейнеленген №1, 2, 3, 4 слайдты көрсетіп, жайлаудың табиғаты, киіз үйлер, оның айналасындағы адамдар, балалар, жан-жануарлар, тау, өзен, су, ағаш, шөп пен гүлдер, жемістер туралы әңгіме айтады. Үлестірмелі материалда жайлаудағы киіз үй сюжетті суретіне мұқият қарап, жапсыру жұмысын орындайық. Әдіс-тәсілдерін түсіндіру. 1. Алдымен ақ түсті киіз үйдің сұлбасын қиямыз. – Қиып алған пішініміз қандай геометриялық пішінге ұқсайды? – Ал төбесі ше? Төбесін екіге бүктелген қағаздан, түрлі қатпарлы бейнелерді қию. 2. Енді бөлек-бөлек бөліктерін қиямыз: - есігін; - бауы мен басқұрларын; - түндігін; - оюларын. Киіз үйдің бөліктерін рет-ретімен сюжетке жапсырамыз. Алдымен киіз үйдің негізгі</p>
---	---	---	---	--

<p>«Жалпы атауын ата» ойыны</p> <p>Кұлпынай, таңқурай, қарақат – ... (жидектер)</p> <p>Түймедақ, қызғалдақ, раушан – ... (гүлдер)</p> <p>Көбелек, қоңыз, маса, құмырсқа – ... (жәндіктер)</p> <p>Сиыр, ешкі, қой, жылқы – ... (мал)</p> <p>Күн, түн, таңертең, кеш – ... (тәулік)</p> <p><b>«Бөлшектеріне н тап» ойыны</b></p> <p>Терезе, шатыр, қабырға – ... (үй)</p> <p>Жапырақ, дінгек, бұтақ – ... (ағаш)</p> <p>Дөңгелек, кузов, кабина, руль – ... (көлік)</p> <p>Бас, аяқ, ауыз, өркеш – ... (түйе)</p> <p><b>«Мамандықты тап» ойыны</b></p> <p>Науқасты кім емдейді? (дәрігер)</p> <p>Шашты кім қияды? (шаштараз)</p> <p>Үйлерді кім салады? (құрылысшы)</p> <p>Көмірді кім қазады? (шахтер)</p> <p>Кітапты кім жазады? (жазушы)</p> <p><b>«Қарама-қарсы іс-әрекетті айт»</b></p>	<p>эсерде болғандарын сұрап, балалармен сұхбаттасу, эсерлерімен бөлісу.</p> <p><b>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:</b> «Полька» (М. Красев).</p> <p><b>Музыка тыңдау:</b> «Қыз Жібек» операсынан үзінді (ұнтаспа, Е. Брусиловский).</p> <p><b>Билер:</b> «Еркебұлан» («Билеп үйренейік» жинағынан). Биді әрі қарай жалғастырып, бірдей қимыл жасауға ұмтылдыру.</p> <p><b>Ойындар, хороводтар:</b> «Үйшік» (В. Витлин). Ойынды еске түсіріп, үйшікте тұратындар біртіндеп өз музыкалары естілгенде шығып, өздеріне тән қимылдарын жасайды.</p> <p><b>Музыкалық аспапта ойнау:</b> «Латыш полькасы» (М. Раухвергер).</p>	<p>үлкен шеңбер жасап орналасады. Жүп пен жүптың арасы екі-үш кадам болғаны дұрыс. Ойынды жеребе бойынша сайланған жүргізуші мен сыңарсыз ойыншы бастайды. «Артық» ойыншы қашып бара жатып, кез келген жүптың алдына кенеттен тұра қалуы тиіс. Егер жүргізуші оны қуып жетіп, қолын тигізе алмай қалса, енді осы жүптағы үшінші ойыншы «артық» болып саналады да, қаша жөнеледі. Мұндайда, жүргізуші өз міндетін одан әрі атқара беруге мәжбүр. Ал жүргізуші «артық» ойыншыны бірден ұстап алған жағдайда, екеуі өз</p>	<p>жерімізді қорғайтын азаматсындар. Бұл – сендердің мерекелерің.</p> <p>– Бүгін біз ақын Қасым Аманжоловтың «Бала – біздің болашақ» атты өлеңімен танысамыз.</p> <p>Бала-біздің болашақ, Сүйсінеміз, сүйеміз. Бұл болашақ тамаша-ақ, Болашаққа бас иеміз. Көтеріп жас сәбиді, Күлші, бөпе, күл!-дейміз. Көңіл дария шалқиды, Балалармен гүлдейміз</p> <p><b>4. Музыка</b></p> <p><b>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:</b> «Ағаш ат» (Б. Қыдырбекова).</p> <p><b>Музыка тыңдау:</b> «Ел қорғауға әзірміз» (К. Қуатбаев).</p> <p><b>Ән айту:</b> «Момышұлы Бауыржан» (Е. Өміров).</p> <p><b>Билер:</b> «Полька» эстон халық биі.</p> <p><b>Ойындар, хороводтар:</b> «Кешікпе» орыстың халық әуені (өңдеген М. Раухвергер).</p>	<p>бөлігін, содан кейін бау-басқұрларын, есігі мен оюын жапсырамыз.</p> <p><b>Сергіту сәті.</b></p> <p>Балалық-ау, балалық! Кел, бір ойнап тарайық!</p> <p>Балалар шығармашылығы. Балалар жұмысқа кіріседі. Жұмыс жасау барысында көмек қажет болған балаларға көңіл бөлу Балаларға бір-бірінің жұмысын талдатып, бағалату.</p> <p>– Сендерге қандай жұмыс ұнады? Несімен ұнады? Ата-аналарға көрме ұйымдастырады. «Жайлау» туралы шағын әңгіме құрастыру тапсырылады.</p> <p><b>4. Дене шынықтыру «Бес тас»</b></p> <p>Ойнаушылар ең алдымен, кім-кімнен кейін ойнайтынын өздері</p>
--	---	---	--	---

	<p><b>ойыны</b>          Үміт жылады, Іңкәр ...          (жыламады)          Марат үндемей отыр,          Таңат ... отыр. (шулап)          Ардақ жазып отыр ,          Асыл ... (жазбай отыр)          Қыздар биледі, ұлдар ...          (билемеді)          Ақтөс үрді, Күтжол ...          (үрмеді)</p> <p><b>4.Дене шынықтыру</b>  <b>Қозғалмалы ойындар</b>  <b>«Арқаннан секіру»</b>          Ойынды тегіс          алаңда ойнаған          жөн. Оған          радиусы арқан          ұзындығымен          немесе бір-біріне          байланған          секірменің          ұзындығымен          бірдей шеңбер          сызып сызу керек.          Осыдан кейін          санамақ көмегімен          жүргізуші          саналады.          Жүргізуші          шеңбердің          ортасында тұрып,          арқанды          ойыншылардың          тізелері          деңгейінде          айналдырады, бұл          ретте айналдыру          жылдамдығын          ақырындатып</p>		<p>міндеттерімен          алмасады.</p>	<p>Балалар музыка          қойылғанда түрлі          әрекеттер жасап ойнайды          да, музыка біткенде          тезірек орындарын тауып          отырады, алақандарын          шапалақтайды. Кешіккен          бала айыбын өз өнерін          көрсету арқылы өтейді.  <i>Музыкалық аспапта</i>  <i>ойнау:</i> «Кұлыншақ» (С.          Урбах).</p>	<p>анықтайды. Ол          үшін          ойыншылар          кезекпен бес          тасты тобымен          жоғары          лақтырып,          қолдың          сыртымен тосып          алады да, тағы          да лақтырып,          қолдың          сыртымен тосып          алады да, тағы          да лақтырып,          қолдың          сыртымен тосып          алады да, тағы          да лақтырып,          алақанмен          қаршып          ұстайды.          Қаршып ұстау          дегеніміз –          тасты қолды          еңкейте          жоғарыдан          төмен қарай          қағып алу.          Лақтырылған          бес тасты          қолдың          сыртымен тосып</p>
--	--	--	---	--	---

	<p>немесе арттырып отыруға болады арқанмен ойыншылардың аяқтарына тиюге тырысу керек. Шеңбердегі ойыншылардың Мақсаты – жүргізушінің айласына алданбай арқаннан аттау немесе одан секіру. Ал аяғына арқан тиген ойыншы келесі ойында жүргізуші болады.</p> <p><b>«Дауыста, атыңды айтам»</b></p> <p>Ойыншылар қол ұстасып дөңгелене шеңбер жасап орналасады. Көзі байлаулы бір ойыншы шеңбердің ортасында тұрады да, қолындағы таяғын шеңбер бойында тұрған ойыншылардың кез келгеніне ұсынып:</p> <p>«Дауыста, атыңды айтам», дейді. Таяқтың екінші ұшынан ұстаған ойыншы атын біліп қоймас үшін әдейі даусын бұзып шығарады.</p>				<p>алу және қаршып алу кезінде бірнеше тас жерге түсіп кетуі мүмкін. Кім көп тас қаршып алса, сол бірінші ойнау кезегіне ие болады. Бірінші кезек алған ойыншы бестас ойынының шартын бұзып алғанға дейін ойнайды. Одан кейін екінші кезектегі, ол тоқтаған соң, үшінші кезектегі ойыншы ойнайды. Ойын осылай жалғаса береді.</p> <p><b>«Аңшылар»</b></p> <p>Ойыншылар екі топқа бөлінеді – «аңшылар» мен «қасқырлар».</p> <p><b>«Қасқырлар»</b></p> <p>диаметрі шамамен 4</p>
--	--	--	--	--	--

	<p>(Ойыншылар белгілі бір бағытпен үнемі қозғалыста болады.) Көзі байланған ойыншы бірінші таяқ ұсынған ойыншының атын дұрыс тапса, сол ойыншымен орын ауыстырады. Таба алмаса, таяғын екінші ойыншыға ұсынады, оны таба алмаса, келесіге ұсынады, осылайша үш ойыншының атын анықтай алмаса, ойыннан шығып қалады.</p> <p><b>«Тұтқынға алу»</b> Ойыншылар шамамен тең болатын екі топқа бөлініп, сызықтың екі жағынан бір-біріне қарама-қарсы қарап тұрады. Бұдан кейін олар жұп-жұбымен қолдарынан ұстасып, өз жағына қарсыласын тартуға тырысады. Сызықтың өз жағына көбірек ойыншыларды тартқан топ</p>				<p>метрлік шеңбер ішінде орналасады. «Аңшылар» оның сыртында тұрады. Пәрмен бойынша «аңшылар» өз орындарынан жылжымай, шеңберде орналасқан «қасқырларды» ата бастайды. «Қасқырлар» еңкейіп, шалқайып допты тигізбеуге тырысады, тағы да допты қолмен ұстап алуға болады, бірақ дәл «аңшылар» сияқты орыннан жылжымауы керек. Әр тигізген үшін «аңшылар» 1 ұпай алады. Ал «қасқырлардың» біреуі допты қағап алатын болса,</p>
--	---	--	--	--	--

	женеді.				<p>«аңшылардың» жинаған ұпайлары жанып кетеді. Барлық доптар бір реттен лақтырылғаннан кейін «аңшылар» мен «қасқырлар» орындарымен ауысады. Ұпайларды көбірек жинаған топ жеңеді.</p> <p><b>«Тапқыш»</b> Ойыншылар екі топқа бөлінеді және бір-біріне қарама-қарсы екі сызық бойымен отырады. Топтар арасын да 2 метрдей арақашықтық болуы керек. Жүргізуші бір топтың шеткі ойыншы қолына допты</p>
--	---------	--	--	--	--



					<p>лақтырып, кез келген сөздің басын айтады, мысалы:«Тер е»,сол кезде доп лақтырылған ойыншы «Зе» деп сөзді аяқтап, қарсы отырған ойыншыға допты береді.Жүргі зуші кез келген кідірістібайқ ап, ол үшін ойыншыға айып ұпай тағайындайд ы. Жүргізушінің міндеті ережелердің орындалуын қадағалап, бақылауы тиіс: доптың дәлберілуін, сыбырлап</p>
--	--	--	--	--	--

					айтылмауын, уақытты үнемдеу. Ойынды қиындату үшін оған шектеу қоюға болады – қаланың атаулары, өсімдіктер, жануарлар. Айып ұпайларының саны азырақ топ жеңімпаз болады.
Балалардың үйге қайтуы	Ата-аналарға балалардың жетістіктерін айту Сақтық шаралары Жолда жүру ережелері Жолда жүгірме, бөгелме, бөгде адамдармен сөйлеспе!	Ата-аналарға балалардың жетістіктерін айту, ертегі немесе әңгіме айтуға кеңес беру	Ата-аналарға балалардың жетістіктерін айту, ертегі немесе әңгіме айтуға кеңес беру Этика – эстетика, мәдениет, жеке бас гигиенасы,  Жолда жүру ережелері туралы ескертулерді күнделікті ескерту	Ата-аналарға балалардың жетістіктерін айту, ертегі немесе әңгіме айтуға кеңес беру	Жолда жүгірме, бөгелме, бөгде адамдармен сөйлеспе!

